Немаловажный фактор, который следует оговорить. Как отмечал Е.Турсунов: "...О древности типа акына свидетельствует и существование представления о снисхождении акынского дара по воле сверхъестественных сил... Например, в народе существует представление о том, что у каждого акына имеется дух-покровитель, являющийся ему в виде льва, сивого волка, сизой утки и пр. и видимый лишь его взору..." /12,115/

Подобная точка зрения характеризует не только древность акынского искусства, а прежде всего то, что традиционные певцы (и исполнители тоже) занимались мистической деятельностью. Вышеуказанные видения обычно появляются у мистиков после акта трансмутации (об этом позже). Для этого Ученику необходимо иметь Учителя, который научит его этому методу, так как трансмутация явление очень сложное в психоматическом плане, то специальная система поможет ему контролировать свою психику и одновременно находится в двух мирах.

Таким образом, первым непреложным правилом характеристики отношения личности к мистическому учению является наличие Пира, Шейха (наставника, покровителя). В нашем распоряжении достаточное количество примеров, свидетельствующих о наличии учителей у степных сказителей.

"Қамбар батыр" героический эпос. "Жаксылар дастан бастайын, Әуелі Алла сиынап, Екінші кәміл піріме, Құлақ түріп тыңдаған..."	Начну повествование, почтенные, Обратившись вначале к Аллаху, Затем к своему Пиру, Который внимательно слушает меня..."
(там же) "...Қайратпен жеңіп өлтіріп, Пірлерді шахы келтіріп, Алладан медет тіледім..."	"... Попросив милости Аллаха, Обратившись к наставникам, шейхам, Победил врагов своих..."

По причине критического отношения к догматам от веры степные мистики часто подвергались преследованиям с их стороны. Таким образом это были "приграничные" люди, в которых нуждались и отвергали. Более того, читая вышеуказанные строки невольно приходит мысль о нерелигиозности традиционных поэтов и казахов вообще. Поэтому-то произведения персидских и арабских суфиев с такой охотой печатались в прежние времена тоталитарного режима. Х.И.Хан отмечал: "...Они (суфии) полагали, что некогда прославив духовными людьми они будут принуждены всегда являться как люди духовные, выглядеть как люди духовные, говорить как люди духовные, и опасались, что на этой тропе утратится их свобода, а сами они прослынут ханжами!" /13,15/.

Заслугой сказителей и всех мистиков Казахской Степи было то, что они выступили против особого значения внешних форм религиозной жизни и, прежде всего ритуализма, против пустого поклонения и догматических исканий. Этому они противопоставили цельное знание, интуитивное образно-символическое постижение мира, основанного на нравственном усилении личности. Э.Тайлор писал об этом так: "...Можно признать, что обязанность человека в мире состоит в том, что он должен стремиться к знанию, насколько может, и поступать настолько хорошо, насколько умеет..." /14,39/ В онтологической сфере традиционными певцами было

предложено свободное объединение в абсолюте всех оживотворённых элементов бытия, как божественный первообраз и искомое состояние мира. Именно они смогли найти сочетание высшего разума с "божественным в человеке", в котором свелись воедино религиозные поклонения, разум и чувство.

Благодаря вышеуказанным примерам и небольшому анализу мистического учения в Казахской Степи мы можем с уверенностью отметить, что метод религиозного познания мира никогда не меняется, меняется лишь медиативная система (зикр), как новый блок защиты и самоочищения, связанный с дальнейшим развитием цивилизации. Стареют медитации, деградирует общество и так по кругу, от народа к народу, охватывая весь земной шар, чтобы дать возможность каждой нации проявить себя. В "Феноменологии духа" Гегель отмечал, что духовная культура человечества представлена в её закономерном развитии как постепенного выявления творческой силы "мирового разума". Воплощаясь в последовательно сменяющих друг друга образах культуры, безличный мировой объективный дух одновременно познаёт себя как их творца. Духовное развитие индивида воспроизводит стадии самопознания "мирового духа".

1. Турсынов Е.Д. Возникновение баксы, акынов, сери и жырау.- Астана: ИКФ Фолиант, 1999.
2. Лорд А. Сказитель.- М.: Восточная литература, 1994.
3. Большая советская энциклопедия.- М.: Советская энциклопедия 1983.
4. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. - Новосибирск, 1989
5. Энциклопедический словарь. Ислам. – М.: Наука, 1991.
6. Философский энциклопедический словарь.- М.: Советская энциклопедия, 1983.
7. Абу Хамид Аль-Газали. Кимийа-йи саадат. Зикр. Асл 9.
8. Хазрет Инаят Хан. Мистицизм звука.- М.: Сфера, 1997.
9. Традиционное мировоззрение древних тюрков// Человек и общество.- 1998. - №3.
10. Хазрет Инаят Хан. Мистицизм звука.- М.: Сфера, 1991.
11. Бахтин М.М. Творчество Франсуа Рабле... - М.: Художественная литература, 1990.
12. Турсунов Е.Д. Возникновение типа...- М.: Художественная литература, 1992.
13. Хан Х.И. Учение суфиев.- М.: Сфера, 1998.
14. Тайлор. Первобытная культура. – М.: Издательство политической литературы, 1989.

Түйін

Бұл мақаламызда қазақтың жыраулары мен жыршылардың суфизм идеологиясына сүйенген шығармашылығын зерттедік. Кезінде қазақтың кең даласына жайылған бұл рухани ілім, халықтың бүкіл болмысына сіңіп, дәстүрлі дінге айналған.

Summary

This article is about a specific teaching of Kazakh traditional singers, which is based on the principals of the ancient religious teaching –Sufism. Resulting in the merge with the national beliefs of the Kazakhs Sufism was established as an ideology of the traditional Islam in the mentality of the Kazakh people

ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Т.Айболатова –
ҚазМемҚызПУ

Бүгінгі таңда білім саласының алдында жүйеленіп, дайындалып берген білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Жалпы білім беретін мектеп қоғамның алға қойған көкейкесті міндеттерін жүзеге асыру үшін баланың табиғи мүмкіндіктерін, қабілетін дамытып, дүниежүзілік деңгейдегі жоғары мәдениет пен қажетті білім қорын жинақтаған, өз алдына жауапты шешімдер қабылдай алатын, әр істе белсенді шығармашылық әрекет жасайтын осындай жеке тұлғаны тәрбиелеуге аса назар аударуы тиіс.

Оқыту үрдісіндегі пәнаралық байланыс қоғам өмірі мен ғылымда болып жатқан интегративті үрдістің нақты көрінісі болып табылады. Ол оқушылардың теориялық және тәжірибелік дайындығын жетілдіруде, танымдық іс-әрекеттің жалпы ортақ сипатын меңгеруде маңызды рөл атқарады. Көп тармақты пәнаралық байланыс арқылы оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттері тек сапалық жаңа деңгейде шешілмейді, сонымен қатар шынайы болмыстың күрделі мәселелерін шешуге кешенді шығармашылық қатынас негізі қалыптасады.

Зерттеу құбылысы жайындағы тұтас түсінікті оқу пәндерінің өзара байланысынан көрген, пәнаралық байланыс мәселелерін ғылыми тұрғыда негіздеген атақты ғалым, педагог, философ, қоғам қайраткері Я.А.Коменскийдің пікірінше: «Басқа ғылымдардан бөліп белгілі бір жеке ғылым негізінде толық білім беру мүмкін емес».

Өзінің «Ұлы дидактика» еңбегінде Я.А.Коменский меңгерілген мәтінді естен шығаруға жол бермейтін, пәндерді оқытуда қатаң реттілікті сақтайтын саралап жіктеу қатынасын құрастырды. Тұтас және жүйелі білімді қалыптастырудың қажетті шарты ретінде оқу пәндерінің арасындағы байланысты жоғары бағалай отырып, Я.А.Коменский білім алушылардың

белсенділігі мен шығармашылық іс-әрекетіне аса назар аударды.

Пәнаралық байланыстың маңызын байқаған неміс педагогы Ф.Дистервег білім бірлігі үшін қажетті түрлі топтамадағы бір тектес оқу пәндерінің екі түрлі байланысын көрсетті, мазмұны мен ерекшелігіне қарамастан әртүрлі пәндер кейде сәйкес келеді және бірін-бірі толықтырады. Ендеше, олардың негізгі талаптарының мәні - оқушылардың терең де берік білімін қалыптастыру үшін пәндер арасында табиғи, түрлі байланыстарды орнату болып қажет деп түсіндіреді.

Оқу-тәрбие үрдісінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру мәселесі Н.Чернышевский, А.Герцен, К.Ушинский еңбектерінде де орын алған. Құбылыс пен нысанды тиімді зерттеу мақсатында В.Белинский оқу пәндерін «ажырамас тізбектей» өзара байланыстыру қажет деп санайды. Ал өз кезегінде, К.Д.Ушинский «Адам – тәрбие құралы» еңбегінде пәнаралық байланыстың мәнін ашып, оған қатысты ой-пікірлерін ерекше толық, ауқымды негіздеп және оның дидактикалық маңыздылығын жан-жақты ашқан. Автор, жаңа түсінік ескімен араласып, жалпы бөліктермен өзара байланысқан екі, үші, төрт ұғымды жаңа тізбекті бірліктер оқушы ойында қалыптасады дей келе, жеке дара берілген білімдер тез ұмытылады және пайдасы да аз деп негіздейді.

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру сөзсіз мұғалімдерден қажырлы еңбекті, шешендікті, зерттеу әдістері мен заңдарын терең меңгеруді талап етеді. Осылайша, музыка мұғалімі бастауыш, орта, жоғары сынып оқушыларының психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін, талғам мен қызығушылықтарын ескеріп, олардың танымдық көзқарастарының өсуіне, ой-сезімі мен ішкі рухани жан байлығы, мәдениеттілігі мен әдептілігінің дамуына пәнаралық байланыс арқылы үздік ұлттық музыкалық туындыларды насихаттап, дәріптеуде өзінің іс-шараларын, біздің ретте – әдебиет пәнімен пәнаралық байланыс жұмысын дұрыс жоспарлағаны жөн.

Пәнаралық байланыс жүйесі материалды жақсы меңгеруге септігін тигізетін, білім сапасына әсер ететін, әдебиеттерді дұрыс қолдануды қалыптастыратын, ойлаудың дамуына әсер ететін, пәнге деген қызығушылығын арттыратын, өнердің әр саласындағы туындыларды біліп, талдау жасай алатын, білімнің әр саласынан деректер келтіруге дағдыландыратын оқытудың бір тәсілі ретінде қарастырылады. Педагогикалық әдебиеттерде «пәнаралық байланыс» категориясының 30-дан астам анықтамасы бар, олардың мәндік сипатын анықтауда түрлі топтамалар мен амал-тәсілдер қолданылады.

Қоғамдық сананың айрықша саласы - өнер, оның ішінде музыка өнері десек, мұның жалпы адамзат мәдениетінен алар орны өзгеше, адамдардың парасат әлемінде атқарар қызметі орасан зор. Тұлғаның мақсатқа бағытталған даму жүйесін құруды талап ететін музыкалық білім беру өнерсіз, оның жас ұрпаққа түрлі де жан-жақты әсерін, оның қабылдануы мен тәрбиелік рөлін зерделеусіз мүмкін емес.

Француз жазушысы Р.Роллан: «Музыка – тамшы сияқты, там-тұмдап

жүрекке енеді де, жанды желпіндіреді», - деп айтқанындай, музыка тілі ұлттық болмысқа көп жақын, адам бойындағы ұлттық рухани байлығының қайнар көзі, ұлттық қасиет пен ұлттық тілді бойына ең мол сіңірген құбылыс, белгілі биіктіктегі дыбыстардан тұратын, адамға өзінің үйлесімді ұйымдасқан сазды әуенімен әсер ететін, дыбыстық көркем бейнеге негізделген өнердің бір түрі. Өзінің эмоциялық әсері арқылы ол адамзат тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады.

«Архитектуралық мүсіндер мен бейнелеу бір-бірімен құшақтасып тұрған күйінде бірін-бірі толықтырып тұрғандай болса, әдебиет пен музыка да бір-бірімен тығыз байланысты бір күрделі жанр», - деп З.Қабдоловтың еңбегінде көрсеткендей, осы екі жанрдың бір-бірімен тығыз байланыстылығын образ, интонация, үзіліс, тақырып, өлшем, ырғақ, екпін жүйелерінде көре аламыз. Мұндай байланысты өткен ғасырларда барлық ғұлама атақты тұлғалар (Аристотель, аль-Фараби, Б.Эйхенбаум, А.Құнанбаев, Ғ.Мұстафин т.б.) өз еңбектерінде жазып дәлелдеген. Б.Эйхенбаумның пікірінше: «Әдебиет пен музыканың арасындағы байланыс заңды, музыка құдыретімен әдебиетті танытуға болады, оны шексіз биікке көтереді», - десе, Ә. Науай «Ас – тұзбен дәмді, су – мұзбен дәмді, ал адамзаттың салиқалы, саналы сөзі әуенімен сәнді», - деп музыка мен әдебиеттің өзара тығыз байланыстылығын ашып көрсеткенін байқаймыз.

Музыка әдебиетсіз, сондай-ақ әдебиет музыкасыз көп нәрсе жоғалтқан болар еді. Өнердің бұл екі түрі де өздерінің бір-біріне ұқсас әрі өзгешелікті әртүрлі құралдары арқылы өмір қағидаларын адам сезімдері мен күйініш-сүйініштерін жеткізе алады. Әдебиет музыкаға қызықты поэтикалық сюжеттер беру арқылы оны байытады. Әдебиеттік негізсіз вокалды музыканың айтпағанның өзінде, опера, балет сияқты жанрлар өмір сүре алмаған болар еді.

Музыка мен әдебиеттің бір-біріне деген тонның ішкі бауырындай өзара қатысы және музыканың да, сөздің де қайнар көзі адам дауысында екендігі, сөз бен музыканың екеуі де бірдей адам ойынан, адам сезімінен туындап, адамдардың бір-бірімен қатысы үшін жаралғаны, олардың танымдық-тәрбиелік, адам ойын дамытушылық мәні ежелден-ақ озық ойлы адамзат назарын өзіне аударып отырған. Өлең-әуен әннің екі қанаты. Бірінсіз екіншісінің өмір сүруі мүмкін емес. Өлең - әннің мән-маңызын, ой-мақсатын, керек жерінде ән тарихынан да хабар беретін мол дерекнама. «Әннен сөзді бөліп тастауға болмайды» дейтін халық мақалының дұрыстығына тағы да көзіміз жетеді. Әннің әуендік, интонациялық, ырғақтық, өлшемдік жақтарына нұқсан келтірмеу үшін әрбір әнге тән өлең-мәтіндері, поэзиялық жолдары болады.

Әдебиеттің күші - әсерлілігінде, әсерлілік әр нәрсені әншейін ауызекі әңгіме қылғандай сылдыратып айтып беруде емес, айтайын дегенін сырлы сазға айналдыруда, демек, әдебиет күші – баяндауда емес, сазында, суреттеуде жатады. Оқыған жанның сана-сезімін түгел баурап, көңіл-күйін

түгел тербетіп, барлық пердені бірден басып, барлық шекті бірден сөйлеткендей сайрап кетеді. Сондықтан да, шынайы әдебиет музыканың үндестігіне, ырғағына сәйкес келеді деуге әбден болады.

Музыканың пәнаралық байланысы, соның ішінде әдебиетпен байланысы, түптеп келгенде, оқытуды ізгілендірудегі ықпалды құрал болып саналады. Музыка мен әдебиеттің байланысын сақтау және ұрпаққа жеткізу – қазақтың руханияттық бай тәжірибесін үнемі жандандырып жалғастырып отыру деген сөз.

Сонымен, бүгінгі таңда оқыту үрдісінде мұғалімнің алдында тұрған мақсат ең алдымен сабақты басқа пәндермен тақырыптық жүйелі бірізділікті түрде білім беруді жүзеге асыру. Жаңа педагогикалық технологияға негізделген пәнаралық сабақтастықта атқарылған әрбір материал оқушылардың зердесіне қонымды, әрі нанымды болып, көңілді баурап алатындай дәрежеге жетуі керек.

1. Коменский Я.А. *Ұлы дидактика*. – М., 1965.

2. Максимова В. *Межпредметные связи и совершенствование процесса обучения*. - М., 1984.

3. Хмель Н.Д. *Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс* /Ауд. К.Усманов. – Алматы, 2002.

Резюме

В статье рассматривается сущность понятия «межпредметная связь». Данное понятие является основополагающим в новой технологии обучения в школе. Во взаимосвязи видов искусств, таких как музыка и литература, можно глубоко раскрыть идейную направленность, суть и содержание произведения. Сохранять и передавать подрастающему поколению связь музыки и литературы - значит постоянно обогащать богатый опыт духовности казахов.

Summary

This article considers the essence of ideas «intersubject connection», which is nowadays basic in new technology of teaching in school. In intercommunication of art types, as music and literature it's possible deeply disclose the ideological trend, crux and content of composition. To keep and pass connection between music and literature to growing generation – it's mean day by day to enrich great experience of cultural world (wealth) of Kazakhs.

ПЕДАГОГ-МУЗЫКАНТТЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДАҒЫ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

А.Қ.Ахметова -

*«Бейнелеу, музыка және хореографияны оқытудың әдістемесі»
кафедрасының доценті, п.ғ.к.*

Қоғамдағы болып жатқан өзгерістер жас ұрпақты тәрбиелеуде ықпалын тигізбей қоймайды. Әсіресе уақытты талап ететін бұл міндет кәсіби болашақ мамандарды дайындауды жетілдіруде жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын жаңартуды қажет етеді. Осы орайда өзекті мәселелердің бірі – педагог-музыканттың сөйлеу мәдениеті болып табылады.

Музыка арқылы оқушылардың жүрегін оятып, сезімге бөлететін күш – педагог-музыканттың қарым-қатынасы болып есептеледі. Сондықтан музыка сабағын жандандыру тікелей музыка мұғалімінің сөйлеу мәдениетіне байланысты

Көпшілік алдында сөйлей білу – кереметтей өнер. Сөз өнері – шығармашылықта ерекше орын алады. Ол жеке адамның шексіз мүмкіндігін ашу қасиетімен құдіретті. Көркем сөз – көркем ой әрбір адамның өз көкірегінен тууы тиіс. Сонда ғана сөз – музыка арқылы адамды ынтықтырып құштарландырады.

Ал педагог-музыканттың кәсіби-сөйлеу мәдениетін қалыптастыру – жоғары мектептің алдында тұрған маңызды мәселесі. Себебі білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбиелік міндеттірді жүзеге асырудың шеберлік деңгейі осыған байланысты. Әсіресе ол шеберлік маманның жеке тұлғалық қасиеттеріне байланысты және оның негізімен қисынды. Тек тұлға қасиеттерінде ғана емес, сонымен қатар тікелей тәжірибелік іс-әрекетінде де көрінеді. Үнемі өзгерісте болып отыратын кәсіби іс-әрекет шарттарының орасан зор жаңа ақпараттары, жаңа технологияның пайда болуы музыка мұғалімінің әрдайым жаңалықтан хабардар болуын, музыкалық-педагогикалық кәсіпқойлығын көтеріп отыруын талап етеді. Бұл тұста педагогтің тіл дайындығының дәрежесі, оның сырттан алған ақпаратты дәлме-дәл қабылдауы мен бағалай білу қабілеті, таңдап алынған мамандығына қатысты мәтіндерді өзара пайдалана білуі сөз жоқ ерекше орын алады. Атақты қазақ ақындары, ойшыл-жыраулар, ағартушылардың (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев) рухани сөздері қазақ тілі мәдениетінің дәстүрлі үлгілерін дамытуға баға жетпес үлес қосты. Осындай игілікті бастаманы танымал жазушыларымыздың ұлттық даналық идеяларын бойына сіңірген әдебиеттану, филология және оларға жақын ғылымдар саласындағы энтузиастер (С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Әуезов және т.б.) қолдады. Олар шешендік өнердің түрлі жанрларынан ажырағысыз байланыстағы қазақтың ауызша сөйлеу шығармашылығының негізін теориялық, практикалық дамытуда және әрі қарай жетілдіруде күшті қозғау салды.

Ақын, шешен және ойшыл Абай Құнанбаев шешендік өнердегі әдемі сөйлеуді ерекше бағалап, сөз өнерін шексіз бояуларымен құбылған тауыс қауырсындарымен салыстырады және оны «түсінетіндердің інжуі» деп атайды. Ағартушы тіл пәрменділігін көтеретін, эмоциональды-образдық мазмұнын байытатын, қиялдауды дамытатын, өмірдегі уақиғаларға, құбылыстарға деген нақты қарым-қатынасқа назар аударып, қоршаған болмыстан түсінікті тереңдете білетін мақалдар, жаңылтпаштар, афоризмдер сияқты сөйлеу өнері жанрларының танымдық мағынасына ерекше көңіл аударады.

М.Әуезов өзінің «Эпос и фольклор казахского народа» («Қазақ халқының эпосы мен фольклоры») деген еңбегінде: «Мақалдар мен жаңылтпаштардың байлығы, олардың мәнді поэтикалық формасы, шебер берілген, терең, философиялық мазмұны қазақ халқының жоғары поэтикалық қабілетінің, сарқылмас даналығының дәлелі болып табылады» (1, 32).

Музыка мұғалімі өзінің сөздік материалында мақалдарды нақты және де шешендік тілді қолданып, анық және образдық тұрғыда мазмұнын түсіндіре білуі керек.

Атақты философ және филолог М.М.Бахтин өзінің «Эстетика словесного творчества» («Сөз шығармашылығының эстетикасы») атты көлемді еңбегінде әлемдік қоғамдастығына адамның қатысы бар екеніндігіне төмендегідей түсініктеме береді: «Өмір сүру дегеніміз – диалогқа қатысу: сұрап білу, құлақ асу, жауапты болу, келісу және т.с.с. Ол барлығын сөз арқылы жеткізеді, және осы сөз адам өмірінде диалогтық негіз, әлемдік симпозиум болады. Кез-келген сөз – тыңдаушыға бағытталған диалог ретіндегі (сыртқы және ішкі) басқа да бірдеңе, алайда кері байланыстың (вербальдық және вербальдық емес түрі) жоқтығынан жайдан-жай өз тіршілігінен қалады» (2).

Яғни аудиторияға бағытталған педагог-музыканттың сөзі қалайда тыңдаушы-оқушылардың тұлғалық белсенді әрекеттік зонасына кіреді. Бұл жерде нақты коммуникативтік бағдар ғана емес, ауызша сөйлей білу ерекшеліктері, тіл арқылы сөйлеу рәсімі де маңызды. Бұл мағынада сөйлеу мәдениеті ой мен тілдің, түсінік пен образдың бірлігі болып көрінеді, ал өз кезегінде бір жағдайда оны ғылым деп атауға, ал басқа жағдайда – өнер деуге болады.

Тілдің «әдемілігі», сөйлеу мәдениеті жайлы тек филологтар мен жазушылар ойлайды деген пікір жиі кездесіп тұрады. Мұндай көзқарас тек қате емес, сонымен қатар зиян, әсіресе мұғалімдер ортасында. Ереже бойынша, мектептердегі оқу-танымдық материал педагогтың өз әңгімесінде, әңгімелесу барысында, эсседе байқалады, түсіндіріледі. Және де пәннің эстетикалық құны жұтаң, мәнерлі емес, тіпті маманның шаласауатты сөзінің төмен болмауы өте маңызды. Бұл тұста кәсіби дайындығы бойынша музыка мұғалімінің сөйлеу мәдениеті мәселесі соңғы орында болмауы керек және педагогикалық, филологиялық қана емес, сонымен қатар кең мағынадағы – әлеуметтік мәселе болып табылады. Мектептегі оның табысы көбінесе

материалды қисынды түсіндіре алатындығына, нақты мәнерлігіне, анық және айқын дикциясына, тембрдің дыбыстық құралдарын орынды пайдалануына, күштің өзгеруіне, биіктігіне, ұзақтығына, сапалық бояуына сай дауыс интонациясын талап ете алатын сабақты жүргізе білуіне байланысты.

Музыка сабағының ерекшелігін ескере отырып, педагог-музыкант тек қарым-қатынастың дәстүрлі үлгісі ретіндегі мәселені белсенді қолдануы ғана емес, сонымен қатар, маман толғанысты – баяндау, мәселені – айта білу, қарым-қатынасты – айту немесе әңгімелесу үрдісі ретінде музыка арқылы оқушылардың көркемдік қарым-қатынасын ұйымдастыра отырып, олардың ойлауы мен көптеген пікірлерінің ебін тауып «дамытуы» тиіс.

Музыкалық-педагогикалық озық тәжірибелер музыка мұғалімінің оқу сабақтары кезінде қолайлы психологиялық климатты, оқылған сөзге максимальды мүмкіндік туғызатын жалпы бапты жасауға ерекше көңіл аударуы тиіс деп дәлелдейді. Л.С.Выготскийдің сөзімен айтқанда: қалыптасқан лекторлық-орындаушылық іскерлік негізі олардың шешендік өнері мен актерлық шеберлік элементтері үндестігіне сай «ой сөз арқылы жетіледі». Соңғысы, ең алдымен, педагог-музыканттың сыртқы-мінез-құлық әрекеттерінде, сонымен қатар эмоциональды оның «пайдаланбаған мыңдаған белгілерінде мұғалімнің мәдени қоры берілетін» ішкі көңіл күйі көрсетілген сабақты жүргізудің сахналық тәсілдерінде байқалады (Ю.Л.Львов).

Сабақ үрдісінде сөз мәнерлігінің көркемдік-образдық тәсілдерінің көмегімен пайда болатын тікелей музыкалық образдар әлеміне «ену» ситуациясы білім беру практикасы көрсеткендей, музыка мұғалімінің балалармен өзара қарым-қатынасындағы эмоциональды-рухани байланысты дамыту үшін дұрыс психологиялық ортаны жасайды. Соның ішінде музыка арқылы тұлғалық қарым-қатынас, оның «сөйлеу ортасы», А.Г.Каузованың айтуынша «педагог-орындаушының музыка туралы айтқан жаңа музыкалық әсерлер мен ойлары тек оқушының ішкі дүниесін байыту ғана емес, сонымен қатар оның қиялына бағытталып, орындаушылық міндеттерін түсіндіріп, сонымен қатар өзінің құндылықтары, эстетикалық күйзелістері мен рухани ұмтылыстарына тарту мүмкіндігі туады». Пайда болған диалогтық өзара әрекет оқу үрдісін шығармашылық деңгейге көтереді, педагог-музыканттың педагогикалық шеберлігіндегі орындаушылық қарым-қатынасының озық тәжірибесін қорытындылайды, ал білім алушыларға композиторға деген берілгендік үлгісін көрсетеді және өз-өзін «музыкадағы өмірге», «музыкамен әңгімелесуге» үйретеді (3, 269).

Сонымен, С.И.Ожеговтың пайымдануынша, мәдениет әлеуметтік-тарихи құбылыс ретінде қандай да бір қисыны бар жалғыз тіл нормасын қолданбайды. Сондықтан «тіл әруақытта қозғалыста болады, қоғам дамуымен бірге дамиды. Аса жоғары сөйлеу мәдениеті – тіл арқылы өз ойларын дұрыс, нақты және мәнерлі бере білуі... өз ойын білдіруде нақты құралды таба білуімен ғана емес, сонымен бірге аса түсінікті (яғни аса мәнерлі) және орынды болуында» (4, 288).

1. Ауэзов М.О. Мысли разных лет, исследования, статьи... - Алма-Ата: КИХЛ, 1959.
2. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества – М.: Искусство, 1979.
3. Каузова А.Г. Исполнительская деятельность учителя музыки. /Теория музыкального образования: Учебник для студентов высш.пед. учеб. заведений Э.Б.Абдуллина, Е.В.Николаевой. – М.: Академия, 2004.
4. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1983.

Резюме

В статье рассматривается культура речи педагога-музыканта. Проблема культуры речи учителя музыки в его профессиональной подготовке занимает не последнее место и представляет собой не только педагогическую, филологическую, но и в более широком смысле показывает социологическую проблему.

Summary

This article considers the culture of speech of the teacher-musician. The problem of speech culture for teacher musician is occupying important place in his professional preparation and it is presenting not just pedagogical, philological problem, but in broader sense it shows social problem.

ҚАЗАҚ СӘНДІК - ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНДЕГІ МАЗМҮН МЕН ФОРМА БІРЛІГІН ТҮСІНУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.Құмаров -
Абай атындағы ҚазҰПУ

Этникалық материалдық мәдениеттің маңызды бөлігін заттық дүниені эстетикалық меңгерумен байланысты болатын қазақтардың дәстүрлі сәндік-қолданбалы шығармашылығы құрайды. Мұның өзі қазақ этносының өзіндік көркем көрінісінің бір үлгісін танытады. Осы өнер қазақтардың эстетикалық, философиялық түсініктерін қалыптастыруда, қазіргі заманғы мәдениетін дамытуда маңызды бір форма жасаушы рөл атқарып келеді. Қазіргі заманғы шеберлердің халықтың көркем мұрасына деген қызығушылығы дәстүрлерге жүгінумен ғана шектеліп қалмайды, ол көшпелілердің көркемдік белгілеріне, эстетикалық нормалардың ғылыми негізделуіне сүйенетін қолданбалы өнердің дамып жетілу үрдістеріне қол жеткізетін талпынушылықпен үлкен ізденіс болып табылады. Қолданбалы өнерге деген қызығушылық, мүдденің өрлей түсуі, суретшілердің, дизайнерлер мен өнер зерттеушілердің қызмет пен ізденіс өрісін кеңейте түсті. Өз шығармашылығында өзінің даралығын танытуға талпыну, құндылықтарды жасаудың заманғы лайық идеясын неғұрлым толық білдіруге ұмтылу және дәстүрлі көркем формаларды қайта

жаңғыртуға құлшына түсу, халықтың рухани өткені мен қазіргі кезеңін жаңғырту мұның бәрі халықтың өзіндік ерекшелігін білдіру, өзінің мұрасын жадында тұту мүмкіндігін береді.

Қазақ қолданбалы өнерінің тарихи формаларына жүгінудің өзектілігі оның маңызды даралық қасиеттерін айқындау қажеттілігімен байланысты. Осы арқылы қолданбалы өнердің пайдаланылуы және рәміздік қасиеттерін, мәдени ерекшеліктерін айқындау мен анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қолөнердің ішкі мазмұн қасиеттерін түсіну және қазіргі заманғы қолданбалы өнер саласында және педагогикалық іс тәжірибеде пайдалану үшін теориялық әрі әдістемелік негіз құруды мүмкін етеді. Қолданбалы өнердің рәміздік функцияларына талдау жасау арқылы эстетика мен өнердің көптеген дәстүрлі мәселелеріне деген жаңа көзқарастарға жол ашылады. Мұның өзі теориялық әрі практикалық маңызға ие.

Мәдениеттегі қолданбалы өнердің алатын орны да алуан түрлі. Қол өнердің өзі адам қызметінің өнімі, қызметті іске асыру құралы болып табылады. Бұлай түсінудің өзі қазіргі дәуірде мәдениеттің ұлттық қасиеттің белгілеуші фактор ретінде көрінеді. Осы айтылғандарға байланысты, арнаулы этнопедагогикалық, өнертанушылық ретіндегі қолданбалы өнер туралы барлық білімдерді жүйелеу өзіндік бір ерекше өзектілікке ие болуда. Қазақ қолөнеріндегі мазмұн мен форма бірлігін біріктіріп қарастыру қажеттілігі туындауда.

Сондықтан басты міндеттер мынандай деп ойлаймыз:

- сәндік-қолданбалы өнердің жалпы кешені мен ою өрнектер, таңба белгілердің рәміздік қызметтерінің жіктелісін құрастыру;
- сәндік-қолданбалы өнердің кешендік маңыздылығы мен мәнін анықтау, оның рәміздік қызметтерінің концептуалды анықтамасын айқындау;
- сәндік-қолданбалы өнермен жалпы дизайндық жиһаз, жабдық сияқты нысандарына жатқызылатын ұлттық элементтерін сараптау және жалпылау;
- сәндік-қолданбалы өнердің қазіргі заманғы үлгілері жинақтап оның трансформациялануын сараптау әдістерін құрастыру.

Қолданбалы өнердің мазмұн мен форма бірлігі қашанда әдістемелік сипатқа ие. Қазіргі заманғы қоғам тәжірибесінің қажеттіліктері сәндік-қолданбалы өнердің ұлттық сарынмен үлгілеуге және көркемдік рәсімделуге мұқтаж. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің рәміздік элементтерінің құрылымын анықтау үдерісінде және олардың негізінде компьютерлік технологиямен көпнұсқалық құрылым әдісін жасап шығаруға болады. Бұның өзі дизайнерлік және өндірістік, тұрмыстық өмірде ұлттық дәстүрлерді дамытуға, оқу жүйесін жетілдіріп, халықтық дәстүрлерге сүйіспеншілік тәрбиесін мамандардың көркемдік дайындығын оңтайландыруға мүмкін береді. Дәл осы рәміздік функциялар сәндік қолөнер бұйымына айналдырады, сондықтан рәміздік қызметтерін ұғыну, бір ұғымды білдіреді.

Қазіргі заманға сай мәдениет әрқашанда дәстүрлік мәдениеттен

ажыратылмайтынын ескерсек, қазақтың сәндік қолданбалы өнерін мәдени тәжірибенің төлтума қабаты ретінде сипаттама беру, халық мәдениетінің рухани ерекшелігін ашып көрсетеді. Халық шығармашылығының тәжірибесі, формалар түсініктігі, декор және мазмұндық бірлік, халықтық дәстүрлерге ықтиятты қараудың үлгісі ретінде қарастырылады. Этникалық құндылықтар, қазақ халқының мәдени дәстүрлерінің жиынтығы ретінде, мәдениеттің ұлттық ерекшелігінің мемориалды маркерлері болып табылады. Осы кезге дейін шығармаларды сараптауда айқындалғаны; сәндеу сапасы ою өрнектік және қызметтік болып табылады және мұнда белгінің құрылымы мен идеялық мазмұны бір біріне қарама қарсы келмейді. Осыған сәйкес, біз сәндік әшекей белгі әсемділігі мен мазмұндықты білдірудің ерекше формасы деп түсінеміз. Дүниетанымды қабылдау тұтастығына негізделетін қазақ ою өрнектері және дүниетанымдық түсініктемелер, көркемдік пен принциптерді жеткізуші ретіндегі түрлі техника мен көріністерді таңдауды талап етеді. Көркемдік шығармашылық зерттеу әдістерін қайта ойластыру, сәндік өнер шығармаларын дербестік нысандар ретінде емес, бүкіл тарихи, этнологиялық және мәдениеттанымдық контекстіне есепке алу, қолданбалы өнер заттарын өзінің дүниетанымдық көзқарастарының, көркемдік эстетикалық көріністерінің кешенін күрделі құбылыс ретінде қарастыруға болатынын көрсетеді.

Резюме

В данной статье раскрывается проблема содержания и формы казахского декоративно-прикладного искусства. Автор раскрывает педагогические условия их восприятия студентами художественно-графических факультетов.

Summary

In given article the problem of the maintenance and the form of the Kazakh dekorativno-applied art reveals. The author opens pedagogical conditions of their perception students of is art-graphic faculties.

КӨРКЕМ СУРЕТ ЖӘНЕ ГРАФИКА ФАКУЛЬТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУДАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Б.А.Мухаметжанов –

доцент м/а, п.ғ.к.,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Көркем сурет және графика факультеті студенттеріне мүсін және қыш материалдарынан жасалатын бұйымдардың қыры мен сырын, бейнелілік тілін меңгерту және олардың өнер салаларындағы шығармашылық іс-әрекеттерін дамыту арқылы халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған көркемдік мәдени бай мұраларын игерту, туған халқының өнеріндегі парасатты дәстүрлеріне деген көзқарастарын қалыптастыру, қызығуларын ояту – қазіргі кезеңдегі мектептен бастап жоғары оқу орындарының білім беру моделінің барлық саласындағы басты міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда жастардың кәсіби біліктілігін қалыптастырып, адамгершілік қасиетке тәрбиелеу үшін болашақ сызу және сурет мұғалімдерінің мүсін және қыш материалдарынан жасалатын бұйымдар түрлеріне қызықтырудың акмеологиялық бағыттарын қарастыру – бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Болашақ мамандарды дайындауға, оларды кәсіби-педагогикалық бағдарда оқытуға байланысты мәселелерге әрқашан педагогтар мен психологтардың зерттеулерінде басты назар аударылып келді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ғасырлар мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшуі кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгілікті, ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру» деген пікірінің өзі қоғам сұранысына сай мәдениетті жастарды тәрбиелеуге жаңа көзқарас тудырады /1,61/. Біздің түсінігімізше, өмірге икемді, іскер мамандар даярлау мәселесіне, яғни жоғарғы оқу орындарында бейнелеу өнері және сызу пәнінің мұғалімдерін тәрбиелеп, оқытып шығаруға жаңа тұрғыдан келу қажет. Әсіресе, мүсін және қышқа арналған материалдардан бұйымдар жасату арқылы студенттердің біліктілігі мен іскерлігін қалыптастыруға аса мән берілуі тиіс деп ойлаймыз.

Жоғары білімі бар мамандарды даярлау сапасын басқарудың басты аспектісінің бірі – жоғары оқу орны оқытушыларының іс-әрекетінің тиімділігін айқындау. Тұлғаны дамытуға бағытталған білім беру – сол тұлғаның өзін-өзі дамыту мақсатын қояды. Өзін-өзі дамыту – индивидтің өзі-өзіне деген шығармашылық қарым-қатынасы, сыртқы және ішкі өміріне белсенді әсер ету процесін қалыптастыру /2/.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында мынаны байқауға болады: «өзін-өзі дамыту» терминін педагогикалық ғылымдар философия мен психологиядан алған және өзін-өзі қимылға келтіру ұғымымен байланысты.

Тұлғаның өзін-өзі дамыту феноменін түсіндіретін психологиялық шындықтың болуы тұлға проблемасымен шұғылданып жүрген бірқатар зерттеушілер де дәлелдейді. Тұлғаның өзін-өзі дамыту проблемасының әдіснамалық аспектісі мынадай бағыттарда көрініс тапқан: тұлғаның өзін-өзі дамыту механизмінің негіздемесі мен түсіндірмесі (Ф.Перлс, К.Роджерс, Д.Н.Узнадзе, К.Юнг); тұлғаның өзін-өзі дамытуын өркендететін негізгі факторларды тексеру, оның әлеуметтік табиғаты мен мазмұны (Л.М.Божович, К.Левин, Ж.Пиаже, Э.Эриксон және т.б.). Тұлғаның философиялық негізі өзіндік даму субъектісі іспеттес және іс-әрекеттегі тұлға санасын қалыптастыру проблемасын қарастырумен байланысты (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Л.С.Рубинштейн және т.б.) /3/.

Тұлғаның өзін-өзі дамыту процесінің кейбір аспектілерімен («Мен-тұжырымдамасының» құрылуын) Е.И.Чеснокова, А.Г.Спиркин және т.б. шұғылдануда. Сонымен қатар, тұлғаның өзін-өзі дамыту проблемасы педагогикалық және әдістемелік жағынан түбегейлі қарастырылмағанын айтпай кетуге болмайды. Мысалы, инновациялық іс-әрекеттегі жоғары оқу орны оқытушыларын кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамытуға даярлау жеткілікті зерттелмеген /4/. Тұлғаның дамуына бағытталған білім беру – берілген қасиеттерге ие тұлға қалыптастыру емес, ол «толыққанды» болуына жағдай туғызу және білім беру процесінің субъектілерінің тұлғалық функцияларын дамытуға сәйкестілігі.

Тұлғалық функциялар қатарына жататындар: - себептік, түрткі беру (іс-әрекетті қабылдау және негіздеу); - астарлық (ішкі әсерлер мен сыртқы импульстар); - коллизийлік (шындықтың жасырын қарама-қайшылықтарын көре білу); - сыни (ұсынылатын құндылықтар мен нормалар); - рефлексивтік-шығармашыл мағыналық, бағыттаушы (өмір туралы жеке дүниетанымдық көзқарас туғызу); - өзін-өзі жетілдіру (өзін қоршағандарға «Мен» бейнесін мойындатуға талпыну, рухани деңгейін қамтамасыз ету) /5/.

Жоғарыда айтылған функциялар толығымен орындалғанда, білім беру процесінде тұлғалық деңгейге жетеді. Қазіргі өмірде сәттілікке талпынатын адамға мыналар қажет: жаңа қабілеттерін қалыптастыру және дамыту, ойлау алгоритмін тез арада жүзеге асыра білуге даярлық; өзінің психологиялық жағдайын басқара білу, басқа сөзбен айтқанда, әрдайым өзін-өзі дамытуға дайындық. Өзін-өзі дамыту - өзіндік тұлғасын көрсететін индивидтің мақсатқа бағытталған, саналы түрде және өз бетімен бақыланатын процесс. Өзін-өзі дамытуға даярлық – интегративті тұлғалық білім беру болып табылады және мотивациялық-құнды, эмоционалды-ерікті және мазмұнды-операциялық компоненттерден тұрады. Бұл компоненттер өзін-өзі дамыту іс-әрекетіне негізделген құндылық дәрежесі мен тұлғаның өзін-өзі реттей білу деңгейін көрсетеді. «Тұлғаның өзін-өзі дамытудың» психологиялық мәнін қарастыру өзін-өзі дамыту процесін өзіндік дамыту екендігін дәлелдейді. Мұндағы өзіндік дамыту деп отырғанымыз ішкі басқару жүйесінен сыртқы бақылауға өту, ал, кез келген басқару субъектінің өзі туралы ақпарат, түсінікті талап ететіндіктен, тұлға ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді оқу

проблемасымен шұғылданады. Осыған орай, өзін-өзі дамыту – үздіксіз процесс болып табылады.

Ең алдымен, біздің анықтағанымыз, «тұлғалық» және «кәсіби» өзін-өзі дамыту деген екі ұғым біздің жағдайымызда тығыз байланысқан. Өзін-өзі жетілдіруге байланысты қажеттіліктен шын іс-әрекетке өту осы іс-әрекеттің мақсаты мен міндетін қалыптастыру жолдары, құралдар мен әдістерді анықтайды. Бұл әртүрлі формада жүзеге аса алады және тұлғаның жас ерекшелік деңгейіне байланысты таңдалады. Әлеуметтік қарым-қатынаста адам пісіп-жетілген сайын өзін-өзі дамытуға қабілетті болып келеді. Жоғары оқу орны оқытушыларына қойылатын кәсіби міндеттер мен талаптардың өсуі өзін-өзі жетілдірудің қажеттілігін мойындайды. Бұл кәсіби дамудың жеке бағдарламасы, тұлғалық сапаларды түзету, жаңа білімдер мен дағдыларды жетілдіру болуы мүмкін. Өзін-өзі дамыту техникасының үш негізгі элементтері бар: 1) ұйымдастыру-басқару түрлері; 2) ақыл-ойының дамуы; 3) психологиялық жағдайын өз бетімен реттеу /6/.

Кез келген пәнді оқыту әдістемесі тек, оқытушының жоғары кәсібилігінің арқасында көкейкесті бола алады. Яғни, педагогтың өзіне тән тұлғалық және кәсіби қасиеттеріне байланысты.

Жоғары оқу орнының оқытушылары кәсіби іс-әрекетінің мазмұнына қарай оқу процесін жобалай алу, оқыту технологиясының әртүрлі әдістерін меңгеру, оқытудың инновациялық жүйесін пайдалану, педагогикалық рефлексияны жүзеге асыру, яғни, кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық, проблемалық міндеттерін шеше алуы сияқты қасиеттерге ие болуы керек. Бұл тек студенттердің ғана емес, сонымен қатар, оқытушылардың да тұлғалық белсенділігінің деңгейін көтеруге көмектеседі. Және де оқытуды тұлғааралық өзара әрекет процесі ретінде «оқытушы-студент», «студент-студент» және т.б. қарым-қатынас жүйесін қарастырады. Тұлғалық тұғырды жүзеге асыру педагогтың адекваттық тұлғалық қасиетін талап етеді: эмпатиялық, қызығушылық, толеранттық, студентке деген тұлғалық қарым-қатынас және т.б.

Біз бақылауымыздан мынаны анықтадық: оқытуда тұлғалық тұғырға сүйенетін оқытушыға тиесілі, өзін-өзі дамытуына бағыттылық, өзін-өзі таныта алу, рефлексия, оқытудың жеке технологиясын пайдалану қажеттілігін қанағаттандыру. Олардың кәсіби көзқарасы педагогикалық ойлаудың тұлғаға бағытталған ерекше стилі болып табылады. Өйткені, оқытушының оқытуға қарым-қатынасының мазмұндық-процессуалдық аспектісінен (не меңгерді, не істеді, қалай ойлайды) құндылық-мазмұндыққа (студенттің тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамытуындағы оқу танымының орны мен ролі) «ауысуы» байқалады.

Студенттің өзін-өзі тануы мүсін және қысқа арналған материалдардан бұйымдар жасату арқылы біліктілік нәтижелерін талдау жолымен жүзеге асырылады. Белгілі бір саладағы (мүсін, қыш бұйымдарын жасау арқылы) жетістіктерін талдай және бағалай отырып, жұмысқа жұмсалған уақыт пен күшті есептей отырып, өз қабілеттерінің деңгейін анықтауға болады. Студент

сабақ кезінде өзі істеген тапсырманы орындау арқылы, бұйым жасау кезінде өз мінез-құлқын бағалау арқылы жеке басының адамгершілік және іскерліктегі психологиялық ерекшеліктерін танып біледі. Студенттердің біліктілікті қабылдай алу, жалпы білім алу кезінде бір-біріне деген объективті бағасы олардың өзін-өзі тереңірек танып білуіне көмектеседі. Студенттің берілген тапсырма бойынша іс-әрекетіне байланысты жеке басының қасиеттеріне берген өз бағасы мен басқа жұрттың бағасын салыстыру да маңызды. Студенттің берілген тапсырманы толығымен аяқтап, оның өте сәтті шыққанына баға берілген кезде тікелей өзін-өзі іс-әрекетінен тану, өзін-өзі байқау формасында көрінеді. Белгілі бұйымға берілген тапсырманы студент қабылдау кезінде, елестету, ойлау процестерінде адам белгілі бір сәтке зейін психикалық іс-әрекет объектісінен жеке басының жағдайынан аударды және оны бағалайды. Студенттің іс-әрекетін, жалпы өзін-өзі тапсырма арқылы бақылау осыған негізделген. Студенттің белгілі тапсырма арқылы өзінің біліктілігін байқауы үшін байсалды, қалыпты жағдай неғұрлым қолайлы болады. Студенттің сылбырлығы немесе оның шамадан тыс шиыршық атуы өзін-өзі тану мен өзін-өзі байқаудың мүмкіндігін кемітеді. Сондықтан тапсырманы орындауды қадағалау кезінде оқытушының беретін бағасы өте маңызды роль атқарады. Белгілі тапсырманы орындай алмаған студенттерге сол тапсырманы белгілі уақытта жалғастырып аяқтау немесе қосымша тапсырмалар беру арқылы жүктеме беріледі. Бұл процесс қайта тәрбиелеумен бірдей. Оқытушының студентті қайта тәрбиелеуі – өте қиын да ұзақ процесс. Ол ұстаздар тарапынан педагогикалық аса шеберлікті қажет етеді. Шеберлік – оқытушының педагогтық жұмысының жоғары сатысы. Қайта тәрбиелеу жұмыстарын нәтижелі ұйымдастыруда мынадай мәселелерді ескеру қажет деп есептейміз, олар: - студентке әсер ететін келеңсіз жағдайлардың себебін анықтаудың, оларды болдырмаудың жолдарын іздестіру; - болашақ маманның мінез-құлқында кездесетін жат қылықтарын зерттеп тану; - студенттің жеке басында кездесетін жағымды қасиеттерді анықтап, соған сүйене отыра әр түрлі әрекеттерін ұйымдастыру, жақсы қасиеттерін дамыту; - қоғамдық пайдалы жұмыстарға араластыру, қызықты істерге баулу, қатысу (көрме, галерея, мұражай, дизайндік жұмыстар, КВН, т.б.); - оқытушылар мен ата-аналар тарапынан бақылауды күшейту; - студенттің сенімі мен нанымын қалыптастыру, ол үшін оған жағдай туғызу, оған сенім арту; - оқытушылар мен ата-аналардың қиын студентке деген ынтымақты қарым-қатынасын орнату; - студенттің бойында кездесетін жат қылықтардан арылу үшін жаттықтыру жұмыстарын ұйымдастыру; - тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеуді қайта тәрбиелеумен ұштастыра жүргізу; - “Қиын” деп ат қойған студентті аластау, басқа мамандыққа немесе басқа оқу орнына ауыстыру секілді кейбір жағымсыз шараларды мүмкіндігінше болдырмау, т.б.

Қорыта келе айтарымыз, қазіргі кездегі негізгі пәндердің ішінде «Қыш» пәнін де студенттерге тереңірек оқыту керек. Себебі, «қыш» өнеріне деген көзқарасын теориялық білімдеріне сүйене отырып, практикада жетілдіру –

болашақ маманның кәсіби шеберлігін шыңдайды. Кез-келген субъектінің кәсібилігінің қалыптасу нәтижесі – оның кәсіби шеберлігінде. Шеберлік – қандай да бір саладағы жоғары өнер түрі ретінде айқындалады, ал, шебер – бұл өз ісінде жоғары өнерге жеткен маман.

Кәсіби шеберлік кәсіби іс-әрекеттен көрінеді және ең алдымен, кәсіби мақсаттылық, жеке шығармашылықпен, құралдар тандаудағы оңтайлықпен сипатталады. «Қыш» өнері бүкіл дүние жүзінің халықтарының қолөнерінде алдыңғы орынды алады. Қазақ қолөнерінің даму жолының өзіндік тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан бастау алады. Оған Қазақстан жерінде жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілерін дәлел ретінде көре аламыз. Яғни, қазақтың қолөнері республика жерінде бағзы замандарда мекендеген сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн, қарлұқ және тағы басқа көне түркі тайпаларының мәдениетінен бастау алып, бүгінгі күнмен ұштасып жатқанының айғағы.

1. Назарбаев Н. Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы: Қазақстан – XX ғасыр, 1993. – 32 б.
2. Маслоу А. Самоактуализация //Психология личности. Тексты. – М., 1982. – 306 с.
3. Мұханбетжанов А. Интеграцияланған білімдік кеңістікте тұлғалық бағдарлы білім беру технологиясы //Қазақстан жоғары мектебі. – 1999. - № 1. – Б. 65-69.
4. Бондаревская Е.В. Личностно-ориентированное образование: опыт разработки парадигмы. – Ростов на Дону, 1997. – 219 с.
5. Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение. – М., 1997. – 208 с.
6. Әбішев К., Кедров Б. Личность в психологии: парадигма субъектности. – Ростов- на/ Д., 1996. - 512 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы саморазвития профессионально-значимых качеств личности студентов художественно-графических факультетов. Автор выделяет основные параметры профессионально-значимых качеств личности, и пути их формирования в процессе обучения на факультете.

Summary

In given article problems of self-development of is professional-significant qualities of the person of students of is art-graphic faculties are considered. The author allocates key parametres of is professional-significant qualities of the person, and a way of their formation in the course of training at faculty.

ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАДА ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП КОМПОЗИЦИЯ ҚҰРАУ

А.А.Халендеров -

*«Жаңа Ғасыр» №175 мектеп-гимназиясының «Технология» пәнінің
мұғалімі*

Ұлттық мәдениетіміздің өте ертеден келе жатқан аса бір үлкен маңызды бөлігі- қолөнер шығармалары, оның ішінде ою-өрнек өнері болып табылады. Ғұлама ғалым Ә.Марғұланның «Қазақтар ою-өрнек әлемінде өмір сүреді» дегендей қазақ халқының ою-өрнек өнері - өзінің төлтума бітім бітім қасиетімен, көркемдік мән – мағынасымен шын мәнінде халқымыздың сан ғасыр бастан кешкен өмір салтын , таным түсінігін , арман аңсарын бейнелейтін асыл туындысы. Оның үстіне ұлттық ою-өрнек өнерінің тәлімдік, танымдық мәнінің зор екенін, оның өн бойында ақыл ой таразысы, эстетикалық талғам, еңбек ерекшелігі, экология элементтері тұнып жатқанын ескерсек бұл өнер түрін қазіргі ұрпақ тәрбиесіне тиімді пайдаланудың қажеттігі арта түседі.

«Ою-өрнек» дегеніміз қандай да бір заттарды, архитектуралық құрылыстарды әсемдеу, әрі шарттық символикалық түрде адамға қажетті тұрмыстық идеяларды бейнелеу үшін белгілі бір тәртіппен үйлесімділікке құрылған элементтерден тұратын өрнек, нақыштар.

Қазақ ұлттық ою-өрнегін, негізінен, үш топқа бөлуге болады: *космогониялық, сиволдық, таңбалық*

Космогониялық

1. Күн
2. Күн көзі
3. Ай мүйіз
4. Айтаңба
5. Шолпан

Символикалық

1. Райхангүл
2. Құс қанаты
3. Семсер ұшы
4. Молшылық, жеткіліктілік
5. Тұмарша


Таңбалық

1. Мүйіз
2. Қошқар мүйіз
3. Арқар мүйіз
4. Сынық мүйіз
5. Сыңар немесе сыңар


өкше

6. Өркеш мүйіз
7. Қырық мүйіз
8. Су
9. Қосалқа
10. Тіс
11. «Шет ою» - бармақша


Космогониялық



Символикалық




Таңбалық



Барлық нәрселердің негізі болып табылатын ең жай формалар – геометриялық денелер, олар: куб, цилиндр, конус, призма, пирамида, т.б.

Геометриялық ою элементтері




а) ұшбұрыш; ә) көзше; б) фонарик тілшелерімен ұшбұрыштар;
г) төртқырлылар; ғ) сәулелер; д) ромбалар.

Композиция – латын сөзі, «ойлап шығару», «құрастыру» деген ұғымды білдіреді. Композиция шығарманың құрылымы тұрғысынан мазмұнның неғұрлым айқын, нанымды, әсерлі шығуына жағдай жасайды.

Компановка дегеніміз – нәрсенің біріктірілген ұсақ, жеке бөлшектерінің біртұтас, бүтін болып көрінуін қамтамасыз ету.

Нәрсе бөлшектерінің шама жағынан өлшемдік арақатынасы *пропорция* деп аталады.

Ағашқа ойылып жасалған, геометриялық денелерден құралған композициялар.





Сабақтың сармандық бөлімі.


Техника қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

Нұсқау картасы


Пуск – все программы – стандартные - Paint – құралдар панелі –
қалам немесе сызықша




3 кезең



4 кезең





Үй тапсырмасы: Paint редакторында космогониялық, символикалық және таңбалық оюлардың бір элементінен композиция құрастыру

Нұсқау картасы

Пуск – все программы – стандартные - Paint – құралдар панелі – қалам немесе сызықша

1. Оқу білім негізі – ұлттық тәрбиеде / Білім-Образование.- 2006.- № 6 (30).
2. Білім мен тәрбие сабақтастығы басты мақсатымыз / Қазақстан кәсіпкері. –2006. - № 12 (43).
3. Марғұлан Ә.Х. Қазақ халқының қолөнері. Энциклопедия, 1 – 2 том. –Алматы,1994.

Резюме

В данной статье рассматриваются приемы составления композиций орнаментов на интерактивной доске. Данная тема, по мнению автора, очень актуальна и современна в процессе обучения изобразительному искусству в общеобразовательной школе.

Summary

In given article receptions of drawing up of compositions of ornaments on an interactive board are considered. The given theme is well fulfilled in the course of training to the fine arts at our school.

ВЕЛИКАЯ ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ВОЙНА В ТВОРЧЕСТВЕ КОМПОЗИТОРОВ КАЗАХСТАНА

А.М.Нусипжанова –
*преподаватель кафедры «Методика преподавания ИЗО, музыки
и хореографии» КазНПУ им. Абая*

*Дверь в мир открыла песня для тебя,
Песня провожает в землю прах, скорбя,
Песня - вечный спутник радостей земли.
Так внимай ей чутко и цени, любя!
Абай*

Великая Отечественная война против фашистской Германии - самая тяжёлая из всех войн, какие знала история. Победный исход её ковался всем народом СССР: воинами - на фронтах и всем миром - в тылу.

С первых дней войны стал формироваться и культурный фронт. Фронтовики - артисты не упускали случая между боями затянуть песню, прочесть стихи, вселяя этим надежду на победу над врагом.

Народная артистка СССР Роза Багланова выступала перед бойцами Советской армии, её фронтовые концерты пользовались большим успехом. Между концертами она успевала ухаживать и за ранеными бойцами.

В тылу деятели культуры нашли применение своим творческим силам.

В суровые годы войны, когда знаменитой домбристке Дине было 80 лет, разделяя всеобщий патриотический подъём, она создаёт кюй "Наказ матери", а радостную весть об окончании войны - созданием кюя "Победа".

Народный артист СССР Муқан Толебаев (1913-1960 гг.) награждён Орденом "Великой Отечественной Войны". В начале войны он находился в рядах народных ополченцев г.Москвы, но осенью по состоянию здоровья вернулся в Алма-Ату. Здесь им сочинены песни "Соқ барабан" ("Бей, барабан"), "Жорық" ("Поход") на стихи Таира Жарокова, "Жеңіске" ("К Победе") и др. Затем М.Толебаев создаёт песню "Таня туралы ән" ("Песня о Тане"), посвящённую героическому подвигу Зои Космодемьянской, а также проникновенные, лирические песни "Кестелі орамал" ("Вышитый платок") и "Тос мені, тос" ("Жди меня, жди").

В это же время композитор Бахытжан Байкадамов (1917-1977 гг.) создаёт свои песни на военно-патриотическую тему "Панфиловцы-герои", "Маншук", "Папочка, вернись с победой".

В 1944 г. композиторы М.Толебаев, Е.Брусиловский и Л.Хамиди написали гимн Казахской ССР. В нём нашли отражение трагедия Отечественной войны, дух приближающейся победы, дружба народов страны.

Молодой композитор-фронтовик Рамазан Елюбаев служил в одном полку с Толегеном Тохтаровым, повторившим подвиг Александра

Матросова. Его глубоко потрясла смерть товарища, и в память о друге Рамазан написал песню "Жас қазақ". Впервые исполнил эту песню Жусупбек Елебеков во время концертов для фронтовиков.

В разгар Великой Отечественной Войны управление по делам искусства Казахской ССР призвало поэтов, писателей, музыкантов создавать произведения на героико-патриотическую тематику. Латиф Хамиди (1906-1983 гг.) - народный артист Казахской ССР, не остаётся в стороне от военной тематики. В 1944 г. Л.Хамиди пишет песни "Девушка-герой" о герое Советского Союза Маншук Маметовой, "Нуркен", посвящённая Н.Абдирову, "Рамазан" о композиторе Р.Елубаеве, погибшем на фронте. В 1947 г. совместно с А.Жубановым создаёт оперу "Толеген Тохтаров" в 4-х актах, либретто М.Ауэзова. Замысел оперы появился после знакомства с героем СССР Бауржаном Момышулы, а музыкальным источником оперы стала песня "Жас қазақ" Рамазана Елубаева.

Песни военных лет разнообразны и по содержанию, и по интонационно-мелодическому складу: походно-маршеобразные, героико-эпические, лирические, шуточные.

Композиторы-ветераны Великой Отечественной Войны, прошедшие весь нелёгкий путь войны с первых её дней и до победы, Абляхат Еспаев и Нургиса Тлендиев, написали немало песен, посвящённых тем далёким дням.

Нургиса Тлендиев (1925-1988 гг.) - народный артист СССР, Халық Қаһарманы, написал: "Мен сендерді іздеймін", "Сөнбейді әже шырағың", "Болмасын соғыс, болмасын", "Аға ескерткішінің басында", "Дубосеково зиратында", посвящённая памяти 28 героям-панфиловцам. 16 ноября 1941 г. 28 панфиловцев остановили у разъезда Дубосеково под Москвой танковую колонну немецких захватчиков...

"Хорал" Еркегали Рахмадиева, (род. 1930 г.) народного артиста СССР, звучал у стен Кремля в Александровском саду, у могилы Неизвестного солдата. А.В.Молодов поставил у Кремлёвской стены Казахскую Хоровую капеллу и она зазвучала на всю Красную площадь как реквием в честь бойцов, павших за Родину. К 20-летию победы над фашизмом, Е.Рахмадиев написал песню "Женіс жыры".

Асет Бейсеуов (1938-1996 гг.) написал 22 песни, посвящённые героям Великой Отечественной Войны. "Қызыл сунқарлар" в 1972 г. получила премию Ленинского Комсомола. Также им написаны песни : "Қайта оралған қаһарман", посвящённая герою Советского Союза Рахимжану Кошкарбаеву, водрузившему флаг Победы на Рейхстаге, "Менің Мәншүгім" посвящённую герою Советского Союза Маншук Маметовой, "Батыр Бауыржан", посвящённая герою Советского Союза Бауржану Момышулы, "Соғыстың соңғы әні" ("Последняя песня войны").

Стихи поэта К.Аманжолова о героях-панфиловцах были использованы Г.Жубановой в опере "28". Премьера оперы состоялась в 1981 г. В Санкт-Петербурге, а в 1982 г. - в Москве.

Подвигу героя Советского Союза Алии Молдагуловой посвящена

песня "Әлия", музыка С.Байтерекова, стихи Б.Тажибаева (1).

Военные песни любимы народом. Они постоянно звучат в исполнении как профессиональных исполнителей, так и самодеятельными коллективами. В целях патриотического воспитания молодёжи, любви к родине, уважения к старшему поколению каждый год в городах Казахстана проходят смотр-конкурсы военно-патриотической песни, где обязательно исполняются песни, написанные во время войны.

Неумолимо быстро бежит время, на смену приходят новые поколения. Так важно, чтобы дети и внуки ветеранов Великой Отечественной Войны помнили, какую дорогую цену заплатили их деды и отцы за мир и процветание страны. У казахов есть пословица "Не отдавши светлого долга памяти павшим, не уповай на светлое будущее".

Память о павших защитниках отчества будет жить вечно!

Через века, через года - помните!

1. Кетегенова Н. Творческие портреты композиторов Казахстана. - Алматы: Алатау, 2009.

Түйін

Бұл мақала Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерей тойына арналған. Жас өспірімдерді әскери-отан сүйгіштік тәрбиелеуде музыканың рөлі орасан екендігі қарастырылған. Әсіресе осы бағытта қазақ композиторларының соғыс әндері ерекше орын алатындығы ашып көрсетілген.

Summary

This article is dedicated to the 65th anniversary of the Victory Day. It illustrates songs about war written by Kazakh composers. Compositions of the Kazakhstan composers which products are devoted these subjects are analyzed.

СТУДЕНТТЕРДІ СЫЗУ ПӘНІНДЕ ГРАФИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

А.К.Садыбеков -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Көркем сурет факультетінің
«АПОӘ және өнер тарихы» кафедрасының аға оқытушысы*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жылдағы жолдауында білім беру саласына ерекше мән беріледі: "Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз" деген орамды ойларды атап көрсетті. Біздің алдымызда күтіп тұрған сындарлы даму процесі ол - бүкіл жер шарындағы жаһандану дәуірі. Жаһандану дәуірінде қатаң бәсекеге төтеп бере алатын мемлекет қана өркениет көшіне ілесе алады. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті ең алдымен оның білімділік сипатымен айқындалатынын ескере келе, білім мен тәрбие беру саласын реформалаумен сабақ үрдістерінде жаңа технологияларды меңгерудің маңызы ерекше екенін мойындауымыз керек.

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі - тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі болып табылады /1/. Сондықтан білім алушыны оқу үдерісінің нысаны ретінде ғана санамай, оны сол үдерістің тең құқықты мүшесі ретінде қабылдап, білім алушыға түбегейлі көңіл бөлу - қазіргі мектеп дамуының негізгі тенденцияларының бірі болып отыр. Білім беру саласының ең алғашқы қайнар көзі, ол - мектеп, себебі мектеп бүкіл білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы, білімділіктің іргетасы қаланар сынақ алаңы. Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге деген талпынысы, қызығушылығы бар, озық ойлы, өнер тапқыштығы басым маман даярлау мектепте басталып, адамның бүкіл өмірі барысында жүреді деген көзқарастар дәлелді болды. Графикалық даярлау проблемасына Кеңес, кейін Ресей және Қазақстан педагогикасында көп көңіл бөлінді. Сондықтан бұл салада айтарлықтай табыстар бар, атап айтқанда, оқушыларда графикалық білім, білік, дағдылар қалыптастырудың ғылыми негіздері А.Д.Ботвинников, Б.Ф.Ломов, мектепте сызу пәнін оқыту әдістемесінің түрлі аспектілері В.Н.Виноградов, Г.Д.Глейзер, М.М.Хасенов, Ж.Есмұхан, Ы.А.Нәби, Ч.А.Рустамов, Б.А.Тұрғынбаева, В.Ф. Шаталов, А.М.Пышалко, М.Ф.Морозов, М.И.Махмутов, К.Жүнісқызы, П.Р.Атутов, П.Р.Гордон және басқалар, ЖОО-да студенттердің графикалық даярлығын жетілдіру жолдары А.Я.Блаус, В.П.Верхола, Ы.А.Нәби, Г.Г.Шапрова, Б.К.Момынбаев, Ж.Ж.Жаңабаев, Т.К.Мусалимов сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды /2/.

«Сызу» оқу пәнін оқытудың мақсаттары ретінде оқушылырады сызбаларды орындауға және оқуға біліктілігі мен дағдылырын

калыптастыруды тағайындау керек. Сонда оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттеріне төмендегілер кіреді: а)оқушылардың логикалық талдауы мен шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; б)оқушыларды сызбаны рәсімдеудің жалпы ережелерімен таныстыру және оларды сызу аспаптары мен құралдарын тиімді пайдалануға дағдыландыру; в)аксонометриялық кескіндер және өзара перпендикуляр жазықтықтардағы тік бұрышты проекциялар туралы тұрақты білім қалыптастыру және т.б.

«Сызу» оқу пәнін оқыту сатыларына сәйкес геометриялық пішіндердің, геометриялық денелердің және бұйымдардың графикалық кескіндері, оларды рәсімдеудің, жасаудың және айырып танудың практикалық тәсілдері болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, зерттеу нысандары графикалық даярлауда сабақтастықты қамтамасыз етудің негізгі нышаны болады. «Сызу» оқу пәнінің оқу жоспарындағы орны төмендегімен анықталады. «Сызу» оқу пәні негізгі пәндердің бірі ретінде (математика) білім беру саласына кіреді. Бұл пәннің жалпы орта білім беру жүйесіндегі ролі адам өміріндегі графикалық аппараттың мәнділігімен, графикалық кескіндерді салуға және оларды оқуға қажет білім, білік, дағдыларды игерудің мұқтажымен, байқағыштық, ұқыптылық, оқуға деген төзімділік, эстетикалық талғам тәрізді жеке дара қасиеттерді дамыту маңыздылығымен анықталады.

Курсты меңгеру барысында математика, бейнелеу өнері, еңбекке баулу, технология сабақтарында алған білім, білік, дағдылар пайдаланылады. Сызудың математикамен байланысы ортақ геометриялық нысандарды пайдалануда білінеді, ал бұл нысандар жөніндегі негізгі мәліметті оқушылар геометрия сабақтарында алады. Проекциялау тәсілдерін оқып білу математика мен бейнелеу өнерінен алынған білімге негізделген. Математика, еңбекке баулу және технология сабақтарында оқушылар сызуды оқып білу барысында қажет болатын жұмыс істеу амалдарын меңгереді.

Графикалық білімге тікелей қатынасы бар мағлұматтарды оқушылар «бейнелеу өнері», «технология» сабақтарынан алады, қарапайым сызу құралдарын қолданып белгілер салады, өлшейді, суреттер салады, әртүрлі геометриялық формасы бар нәрселер, макеттер жасайды. Төменгі сыныптың өзінде-ақ техникалық сызудың элементтерімен танысады, тетікбөлшектің формасын анықтауды, көлеміне қарай мөлшерін анықтауды үйренеді. Осының барлығы графикалық білімді дамытуға ізашар даярлық болып табылады. Мектеп оқушыларында графикалық ұғымдардың қалыптасуына байланысты ой толғамдарға қорытынды жасай келе төменгі сыныптарда оқытылатын табиғаттану, бейнелеу өнері, технология, математика сабақтары графикалық ұғымдардың қалыптасып, оның жетілуіне негіз болып табылады деп тұжырымдауға болады. Айтылған тұжырымдарға дәлел ретінде орта мектеп жүйесіндегі төмендегі пәндерге талдау жүргізілді.

Математика пәнін оқығанда оқушы нүкте, кесінді, сәуле, түзу, сынық сызық, көпбұрыш, жазықтық, шеңбер, шеңбердің ортасы, доға тәрізді геометриялық терминдермен танысады. Мұндай терминдер өзге пәндерге қарағанда математикада көп қолданылады. Бұл сабақта оқушы геометриялық

денелер мен фигуралардың пішінін ғана анықтап қоймай, геометриялық орнын да анықтайды. Бейнелеу өнері пәнінде графикалық білімге тән тұрғызу теориясы білік пен дағдыны жетілдіреді және дененің кеңістіктегі орнын анықтайды. Қағаздағы суретті нақты денемен салыстырып көруге мүмкіншілік туады. «Бейнелеу өнері» пәні бастауыш сыныптарда оқытылып біртіндеп күрделене түседі. Соған байланысты оқушының да ойлау қабілеті дамиды. Жеке бұйымдар мен заттарды ғана емес, күрделі натюрморт, ыдыс, ою, жан-жануар, табиғат көрінісін салады. Бұның барлығы оқушының бойындағы графикалық ұғымның қалыптасып одан ары қарай дамуына көп көмегін тигізеді.

«Еңбекке баулу» пәні бастауыш сыныптарда өтеді де, бесінші сыныпқа барғанда «технология» пәні болып басқаша аталады. Бесінші сыныптың «технология» пәнінде «Құжаттық сызба» деген тақырып бар. Бұнда бөлшекті жасау үшін оның техникалық сұлбасын және сызбасын әзірлейді. Мұндай бейнелерді құжаттық сызба деп атайтындығы көрсетілген. Сызу сабағын өтпей тұрып-ақ оның негізгі талаптарын орындап сызықтың түрлерін, масштаб, өлшемдер енгізу, эскиздеу, пішіндерді қолдана бастаған. Осы тақырыпта мынадай үзінді келтірілген: «Кез келген бөлшекті оның сызбасы арқылы белгілеу үшін оны оқып үйрену қажет. Сызылып алынатын бөлшектің пішінін, өлшемін және оны қандай құрал сайманмен сызуға болатынын, оларды өзара құрастырып бұйым жасауды көз алдыға елестете білуді сызба деп атайды». Келтірілген үзіндіден «сызу» пәнін оқып бастамас бұрын оның негізгі ережелерін басқа пәндерде қолданып оқып үйренетіндігін айтуға болады. Демек, «сызу» пәнін төменгі сыныптан бастап оқуға да мүмкіндік бар екенін байқатады /2/.

Оқыту - екі жақты үрдіс. Оқыту оқушы мен мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын әрекетінен тұратын күрделі үдеріс. Өйткені, оқыту - мұғалімнің білім берудегі негізгі іс-әрекеті болса, оқу баланың өзінің танымдық, тәжірибелік әрекеті. Сөйтіп, оқушының таным әрекеті мұғалімнің басшылығы арқасында ғана жүзеге асады. Оқыту - даму негізі деген тұжырым жасасақ оқыту үдеріс-інде білім алушылардың жасын және өзіне тән ерекшеліктерін есепке алады. *Олар мынандай жағдайда есепке алынады:* а) оқулықтарды, оқу құралдарын т.б. жасағанда; б) организмнің дене және психикалық дамуына байланысты; в) оқу, тәрбие үдерісінде; г) жеке адамның қабілетін қалыптастыруда және т.б.

Оқыту - жоспарлы үдеріс. Сондықтан оның формалары, міндеттері бар. Олардың арасында өзара байланыс заңдылығы болу керек. *Бұл заңдылықтар:*

а) оқыту мақсаттары, мазмұны, сапсы мен әдіс-тәсілдері қоғам талабына және қажеттілігін бейнелейтін міндеттерге байланысты; ә) оқыту формалары, оларды ұйымдастырып, өткізудің міндеттеріне, мазмұнына және әдістеріне байланысты; б) білім беру, тәрбиелеу және дамыту өзара байланысты және т.б.

Графикалық білім беру үдерісінің міндеттері, мазмұны, формалары,

әдістері тұтас логикалық тізбек құраса, онда қарастырылып отырған байланыс заңдылықтары ақырғы нәтижені қамтамасыз етеді. Сонымен бірге сызудың әдістемесі графикалық жұмыстарды орындаудың рационалдылау әдістерін таниды әрі үйрету үдерісін әсерлілеу ұйымдастырудың қалыптары мен қаржыларын жасақтайды. Әр үйретуші қабілеттіліктеріне, темпераменті мен мінезіне сәйкес оның индивидуальділігіне, педагогикалық шеберлігі мен эрудициясының өзекшелігіне көп дәрежеде жауаптайтын материалды пайдалана алады /3/.

Сызу пәнін оқыту әдістемесі курсының міндеті үйренушілерде аспаптармен сызулық жұмыстың дұрыс пен рационалды әдістерін жасап шығаруда әрі сызулық техниканың геометриялық негіздерін меңгеруде ғана емес, сонымен бірге күрделі емес бұйымдардың сызбаларын оқи алу мен құрай алуға үйретуде де түйінделеді. Замандас ғылым мен техниканың талаптарының алдында ерекше бейілді үйренушілердің графикалық дайындығын тәуірлетуге бұру қажет. Мектептерде бұл пәнді беру әдістемелік қатынаста кемел қойылған болған сайын, үйренушілер адами тірліктің барлық салаларында қажет, сызбаларды оқу мен орындауды соншаға тез үйренеді. Өзінің жаратулық тірлігінде инженерлер, конструкторлар, өнер тапқыштар сызбаларды пайдалануды айналып өтпейді /3/. Жалпы сызу пәнін жоғары оқу орнының көркем сурет факультетінде оқыту және сонымен қатар, бұл пәнде студенттерді графикалық тұрғыда кәсіби даярлау процесі оңтайлы жүргізілген жағдайда ғана, студенттерге аталған пәннен білім беріп, тәрбиелеудің жалпы мақсат, міндеттері оңтайлы шешілетіні айғақ. Алғашында студенттерді графикалық сауаттылықтар негіздеріне үйретудің мақсат-міндеттерін, мазмұны мен әдістерін анықтаушы бұл пән- педагогика ғылымның бір саласы болып табылатыны баршамызға мәлім.

1. *Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Через кризис к обновлению и развитию».* – Алматы, 2009.

2. *Кузьменко В.И., Косолапов М.А. Методика преподавания черчения.* М.: Просвещение, 1981. – 345 с.

3. *Ботвинников С. Актуальные вопросы методики обучения черчению.* - М.: Просвещение, 1977. – 234 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы формирования графической грамотности студентов художественно-графических факультетов. Автор рассматривает графическую грамоту как одну из основных составляющих профессионализма будущего специалиста.

Summary

In given article problems of formation of graphic literacy of students of is art-graphic faculties are considered. The author considers the graphic reading and writing as one of the basic components of professionalism of the future expert.

БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ КЕСКІНДЕМЕЛІК ӘРЕКЕТІНДЕГІ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ОЙЛАУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

А.Қ.Тлеужанов -

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
көркем-сурет графика факультеті «Академиялық сурет» кафедрасының
аға оқытушысы*

Түсінік мағынасындағы бейнелеудің негізгі қағидалары мен әдістемесін тәжірибе жүзінде меңгеруге бағытталған іс-шараның нәтижесінде бейнелеу сауатының теориялық түсінігі игерілетіндігі белгілі. Бастауыш курс білімгерлеріндегі композициялық ойлаудың даму деңгейін анықтау үшін, олардың композициялық – кескіндемелік дайындығын айқындап және келесі «коррекциялық» жөндеулік шараны жоспарлауда, критерийлерін тауып алу қажет. Қазіргі кездегі әдістемелік зерттеулерде кескіндеме жұмыстарының басты құрамдары: колорит, заттардағы өзара түстік және реңдік қатынастары, кескіндеме жазықтықтарының пластикасы мен ырғағы, түс айшықтығының контрастылығы және т.б. көп талданғанымен, кескіндеме бейнесі сипатын жақсы ашуға мүмкіншілік беретін композициялық құрамдар толық қаралмаған. Н.Н.Волков өзінің «Композиция және живопись» атты дәйекті зерттеуінде тұтастық пен бөлшектіктің үш түрін: композиция, конструкция және структураны көрсетті. Композицияның әр түрлі аспектілеріне арналған зерттеулерді (В.С.Кузин, Н.Н.Ростовцев, Е.В.Шорохов, В.А.Фаворский) және белгілі практик – суретшілердің әдістемелік ұсыныстарын (А.А.Дейнека, Б.В.Иогансон, С.А.Чуйков) талдау барысында біз, бейнелеу формасы сапасын біртіндеп базалық сипаттан жекешелікке: бейнелеу формасының конструкциясын, оның мағыналық негізінен композиция қалыбына айналатын структурасы мен орындау техникасы критериясын бөліп алдық. Осы себепті бізге мағыналы қорытындылау маңызды, өйткені ол бір мезгілде бейнелеу сауатын меңгеру нысаны және мағыналық негізін құрайды. Сондықтан да, біз келесі критерияларды бөліп алдық:

1. Бейнелеуді композициялық – конструкциялық тұрғызу әдістемесін білу және оны меңгеру. Бұл критерий форманы құру қағидасын білуді және осыған сәйкес бейнелеуді ұйымдастыруда қорытындылау тәсілдері әрекетін меңгеру деңгейін, оптикалық тепе – теңдігін табуды, көрермендік қабылдаудың ерекшелігін ескере отырып бастыны бөліп алу және орналастыру, қағаз бетіне қатысты бейнелеудің дәл форматы мен өлшемін табу ілімін тексеруге мүмкіндік береді. Бұл критерий мағыналық негізін теориялық түсінік пен тұлғаның жеке тәжірибесіне қатысты бейнелеу қалыбының жалпы конструкциясын көрсетеді.

2. Кескіндемелік бейнелеуді ұйымдастыру әдістемесін білу және оны меңгеру. Бұл екінші критерий бейнелеуді кескіндемелік структура әдістемесімен ұйымдастыруды білу әрі оны меңгеруін және түс қатынастарымен

жұмыс істеу бейімін бағалауға мүмкіндік береді. Живопись структурасы студенттердің түспен жұмыс істеу негізін білуі және оның меңгерілетін теориялық түсінікпен (мағынасымен) өзара байланысын көрсетеді.

3. Кескіндеме бейнелеуін орындаудың әр түрлі техникалық тәсілдерін және технологиясын білу. Бұл үшінші критерий білімгерлердің көркем өнер материалдарының технологиялық ерекшеліктерін білуін бағалайды, кескіндеме құралдарының айқындау мүмкіншілігін, меңгеретін материалдардың сан түрлі тәсілдері мен әдістемелерін игеруді, кескіндеме бейнесін орындауда әр түрлі тәсілді меңгеретін түсінік мағынасымен біріктіруді білуін көрсетеді. Жұмысты бағалағанда осы үш критерийіні басшылыққа алатын болсақ, онда олар меңгеретін теориялық түсінікпен байланысты бейнені құрудың нақты шарасының тәжірибелік деңгейін көрсетеді. Қойылған оқытулық тапсырмаларға байланысты бейнелеуді құрудың қағидасын меңгерудегі белсенділігі мен еркіндігі критериясының бағалау мүмкіншілігі – айқындылығы мен эмоциялығы (көңіл-күйлілігі).

4. Айқындылық деп көбінесе бейнелеу құралдарын өзінің оған деген жеке қатынасы мен бағасына сүйеніп таңдаудағы пайда болатын заттар мен шынайылық көріністерін сипаты жағынан эстетикалық ашуды айтамыз. Сонымен айқындылық - бейнелеуді іздеуге мүмкіндік беретін сауаттылықпен шартталмаған, ол шынайылық нысанының басты қатынастарын таба білуде және осының негізінде бейнені ұйымдастыруды меңгеруде. В.С.Щербаков балалар шығармашылығын зерттей келе, бейнелеудегі айқындылық пен сауаттылықтың байланысының жоқтығына көз жеткізді. Осы фактілерге сүйене отырып ол, «айқындылық пен сауаттылық үнемі өзара келіспеушілікте болады» деп келтіреді де, сауаттылықтың бұзылмас заңдылықтары бұзылған кезде айқындылық басталады дейді /1, 63/. Дегенмен, таланты мықты суретшілердің өнер туындылары керісінше байланыс барлығын дәлелдейді. Берілген жағдайда, сауаттылық пен айқындылықтың салыстырмалылығына көңіл аудармай, бейнелеу тілін оқыту ерекшеліктеріне назар аударғанымыз жөн. Бейнелеу тілі – бейнелеу жүйесі, бейнелеу сауаты – осы жүйені құру әдістемесін білу мен меңгеру. Адам неғұрлым сауатты болса, соғұрлым көп айқындау құралдарын біледі және оларды қолдана алады. Төртінші критерий - білімгердің композициялық – кескіндемелік түсінікті меңгеру деңгейін тексеруге мүмкіншілік береді, өйткені ол меңгерілетін теориялық түсінік мағынасына өзінің тұлғалық қатынасын көрсететін бейнелеуді ұйымдастыруда қорытындылаудың жаңа сапалы тәсілдерін қолданып қана қоймай, бейнелеуді тұрғызудың барлық белгілі шараларын басшылыққа алады. Бұл критерий білімгердің оқыту тапсырмасы сұрағына толық жауап беретін бейне – айқындағыш құралдарын саналы түрде таңдай алу қабілетін көрсетеді (бейнелеу формасын құру қағидасы, кескіндемелік структураны, техникалық тәсілдерді). Кескіндеме жұмысында бұл айқындауыш ракурсты іздеу барысында, басты емес детальдарды жалпылау да, бейнелеу қалыбы элементтерінде пластикалық және түстік акценттеу, әр түрлі техникалық тәсілдерді қолдануда көрінеді.

5. Эмоциялылық (көңіл-күйлілік). Бұл критерий бейнелеу нысанына қатынасты сипаттайды және көркем образдың бір белгісі болып келеді. Эмоциялылық бейнелеу әрекеті нәтижесіндегі жеке тұлғаның ерекшеліктерімен, оның құндылық бағыттарымен, әлемді тануымен тығыз байланысты. Бұл критерийінің құндылығын: В.С.Кузин, Б.М.Неменский, Ю.А.Полуянов, Н.Н.Ростовцев секілді авторлар өз еңбектерінде айтып өткен. Мысалы Н.Н.Ростовцев «Эмоция мен сезім - шынайылық көрінісі фактісіне адамның оңды және теріс қатынасын көрсететін психикалық жағдайы» деп жазады /2, 42/. Эмоциялылық дифференцияланған тәртіпті айқындылықтың негізінде жатыр. Өйткені жеке тұлғаға маңызды мағына уайымы сферасына жанасады. Бұл бесінші критерий студенттің интеллектуалдық деңгейінің дамуын көрсетеді, білімгерлердің бейнелеуге маңызды мағына бере алу қабілетін бағалау мүмкіншілігін туғызады. Берілген жағдайда, білімгер бейнелеуді ұйымдастыру қағидалары шарасын таңдауда, түстік структурасын, техникалық тәсілдерін қолдануда эмоциялық – психологиялық көңіл – күйді ұйымдастыруға ұмтылды ма, жоқ әлде бұл кездейсоқ үйлесім бе деген сұрақ маңызды орын алады. Бесінші критерийға қалыпты «форманы» стилизациялау мен трансформациялау тәсілдерін білу, кеңістікті, түсті және оны меңгеру жатады. Сонымен бірге, бұл критерий білімгердің қандай айқындағыш құралдарын игергенін көрсетеді, өйткені тек қана солар мағыналы қорытындылауды ұйымдастыруға қатысады. Бұл оқыту есебін жөндеу «коррекция» жасап, білімгермен жасалатын жеке жұмысты айқындап береді. Өз еркімен жасалған жұмыстың эмоциялық толықтығын ашып көрсетеді. Осылайша, алдыңғы үш критерий «Кескіндеме» пәні мағынасының екі компонентіне дәл келеді және бәрі қосылып композициялық – кескіндемелік түсінікті меңгеру деңгейін көрсетеді. Төртінші және бесінші критерийлер (айқындылық пен эмоциялық) шығармашылық іс - әрекет тәжірибесін көрсетеді де, мағынаның өз еркінше тану компонентіне дәл келеді. Осы критерийлерге сүйене отырып біз өнер шығармасын қабылдаудағы композицияның жалпы шарасын меңгеру деңгейін және кескіндеме бейнесін өз еркімен тұрғызу бейімінің жетілуін анықтауға мүмкіндік аламыз.

1. Щербаков В.С. *Изобразительное искусство. Обучение и творчество.* -М.: Просвещение, 1969. -271 с.

2. Ростовцев Н.Н., Терентьев А.Е. *Развитие творческих способностей на занятиях рисованием.* - М.: Просвещение, 1987. - 176 с.

Резюме

В этой статье автор раскрывает критерии оценки уровня композиционного мышления при композиционно-живописной деятельности студентов на начальном курсе обучения живописи. Данные критерии рельефно отражены в показателях.

Summary

In this article the author opens criteria of an estimation of level of composite thinking at composite-picturesque activity of students on an initial curriculum of painting. The given criteria are boldly reflected in indicators.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ТУРАЛЫ ТАНЫМДЫҚ ТАЛҒАМДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Е.Асембайұлы -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Академиялық сурет» кафедрасының
аға оқытушысы, филос. ғыл. кандидаты*

Сурет немесе бейнелеу өнері - бұл адам баласының заманнан заманға рухани байлығы ретінде ұласып келе жатқан өнер саласы. Сурет жеке бір өнер саласы ғана емес, бірнеше өнер саласының өмірге келуіне себепкер болған бүкіл бейнелеу өнерінің атасы. Сурет адамды жасампаздыққа тәрбиелейді, адамгершілікке кенелдіреді. Адамдардың ой-өрісін кеңейтіп, дүниеге деген көзқарасын өзгертеді. Сурет өнері ежелден келе жатқан өнер саласының бір түрі. Кез келген өнерді түсіне, сезіне білу керек. Ондай болмаса, одан рухани байлық жинау мүмкін емес. әрқандай өнерді ұғу үшін оның қайдан, қалай шыққанын білу керек. Сол сияқты сурет өнерін түсіну, білу үшін алдымен ертедегі архитектура және мүсін өнерінің даму тарихын біліп, оны қазіргі дүниемен салыстыруымыз керек. Бұл жағында, қазақ даласында сақталып қалған, біздің ата-бабаларымыздың қолынан шыққан жартаc суреттері, бұғы тастар, тас адамдар, ғажайып мүсіндер, сәулетті сарайлар ғалымдардың, археологтардың, суретшілердің назарын аударып отыр.

Өнер - өмір бұлағы, ізгілік пен әсемдіктің бұлағы. Өнерді, оның қоғамдық тәрбиелік мәнін жан-жақты түсіну үшін әсемдік, әдемілік заңдарын түсіну шарт. Өнер қоғамдық өмірде, оның ішінде, әсіресе, студенттердің рухани-эстетикалық жақтан тәрбиелеуде сенімді, күшті құрал болып табылады. Олай болса, сурет немесе бейнелеу өнерін жақсы үйреніп, студенттердің өнерге деген әуестігін жетілдіру ең маңызды шаруа болып отыр. Студенттер адамзат пен қоршаған орта арасындағы өнер тарихын жақсы білуі керек. Сонау ықылым заманның өзінде-ақ ата-бабамыз өзін қоршаған ортадағы қызықты табиғат құбылыстарын (көріністерін) топыраққа, балшыққа, тасқа түсіріп бейнелеген. Сол арқылы табиғат сұлулығын ұқты. Жан-жануарлардың әрекетін, мінезін зерттеді. Атам замандарда жартастарға, үңгірлерге ойып қашап салынған суреттер өздерінің шыншылдығымен, образдылығымен, әсерлілігімен көрермендерді тамсандырады. Тіпті композициялық құрылымын анық кескінделуі соншалық, суретке қарап, өнер иесіне, оның шеберлігіне қайран қаласың. Осы заман сурет бейнелеу өнерінің дамуын айтар болсақ, 1920жылдан бастап, Қазақстанның бейнелеу өнері дамудың алғашқы қадамын ашып, жас суретшілер көбейе бастады. Олардың өздерінің әзірге бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпаған балаң шығармаларында бүкіл қазақ даласын қамтыған алып істерді, жаңа құбылыстарды көрнекті бейнелеуге тырысты. Атап айтқанда, Қазақстанның бейнелеу өнерінің өрісіне алғаш жол салған Ә.Қастеев, Ә. Смайлов, Б.Сәрсенов қатарлы суретшілерді айтуға болады.

Олар 1928 жылы Семейде тұңғыш көркемсурет көрмесін ашты. Суретшілер бір жерден екінші жерше көшіп жүріп, халық арасына кең үгіт жүргізді. 1930 жылдары Қазақстан суретшілерінің қатары арнаулы білімді, шын талапты шеберлерімен толықты. Сөйтіп 1933 жылы Қазақстан суретшілер Одағы құрылды. 1934 жылы Мәскеу Шығыс мәдениеті мұражайында қазақ суретшілерінің сурет көрмесі ашылды. Әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірдің жаңа тағдырлары көркем шығармалардың жаңа тақырыптарын туғызды.

Суретшілер енді бүгінгі өмірдің көкейтесті мәселесіне шұғыл бет бұрып, көркемөнерде жасампаз адамның алып тұлғасын, мәртебелі бейнсін орнықтыра бастады. Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен дамуы бәрінен бұрын Ә.Қастеевтің есімімен байланысты болды. Бүгінде Қазақстан Республикасының Халық суретшісі атанған, расында да халықтың қайнаған қалың ортасынан шыққын осы үздік дарындының таңқаларлық ұлттық жасампаздығы сонау, 1930 жылдары үздік дамыды. Кеңес Одағының әйгілі суретшісі танылған осы қылқалам шеберінің жалшылықтан бастаған өмір асулары, бүгін туған елінің шын қазынасына айналды. Ол өзінің халқының жаңа ұлттық көркем мәдениетін жасаушыға айналды. Суретшінің жасампаздық талғамы терең, әдісі мол. Оның тарихи тақырыптағы, шығармалары да, тұрмыстық шығармалары да қазақтардың қазіргідей тұрмысын бейнелейді.

Бұдан қала берсе, қазақ халқының тұңғыш суретші қызы Айша Ғалымбаеваның есімі аталады. Қазақ халқының алғашқы суретші қызы Айша өзінің алуан тақырыптағы сырлы суреттері арқылы көрікті табиғаттың ғажайып әсемдігін қанық бояумен, лирикалық нәзік сезімталдығымен айшықты да, бедерлі нақышымен көрсете алды.

Қ.Телжанов, С.Романов, Н.Нұрмұхаметов, Г.Исмаилова, т.б. қылқалам шеберлері Мәскеу, Ленинград секілді қалаларда суретшілік білімдерін жетілдіріп, елімізде еңберінің жемісін көрсетуде көп күш салды.

1950 жылдары Мәскеу, Ленинград, Киев қалаларындағы жоғары оқу орындарына арнайы білім алған алғашқы суретшілер келіп, Қазақстан бейнелеу өнерін жаңа қорымен жандандыра түсті. Осыдан кейін қазақ көркемөнерінің барлық жанрлары тіпті де жандана түсті.

1960-1970 жылдар аралығында қазақ өнерінің өркендеп дамуына С.Айтбаев, Т.Тоғысбаев, О.Нұржұмаев, т.б. суретшілер өз үлестерін қосты. Ал 1980 жылдары ұлтымыздың болмысын көрсете білген А.Ақанаев, К.Дүйсенбаев, Ә.Сыдыханов, Қ.Зәкіров, т.б. суретшілерді атап айтсақ болады.

Студенттерге жоғарыда аталған суретшілерді жақсы біліп, жұмыстарын танысуларына жол ашу керек. «Бейнелеу өнері – индивидуальді өнер. Образды сомдау және оны қабылдау барысында суреткердің немесе көрерменнің рухани-мәдени болмысы, көркем-эстетикалық, философиялық көзқарасы, мәдени деңгейі, табиғи дарыны жетекші орынға шығады» деп ғалым Б.Байжігітов анықтама береді. Осы пікірді жетекшілікке алып,

студенттермен жұмыс жасау барысында олардың көркем-эстетикалық талғамын өсіріп отыруымыз керек.

Сурет әлеміне еніп, оның таңғажайып қыры мен сырын меңгеру үшін сурет өнерінің бізде қалай басталғаны, қалай жалғас тапқаны жөнінде студенттердің білуі шарт. «Суретші болам» деп, «өнерді» өмірлік мақсат еткен адам тек «инемен құдық қазғандай» еңбектенуі қажет. Негізінен, қазіргі қазақ бейнелеу өнерін таза өнер табиғаты ретінде студенттердің тереңнен зерттеп қарастыруларына себепкер болуымыз керек.

1. Байжігітов Б. *Өнер тарихы мен теориясы.* - Алматы: «Ислам әлемі», 1999. – 187 б.

2. *Қазақстан бейнелеу өнері. XX ғасыр.* - Алматы, 2001.

3. Ергалиев І., Телібаев Ғ.. *Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабарлары.* -1993. - № 3.

Резюме

Статья посвящена некоторым аспектам истории развития казахского изобразительного искусства. Автор раскрывает значение патриотического воспитания студентов художественно-графического факультета в процессе изучения курса изобразительного искусства.

Summary

Article is devoted some aspects of history of development of the Kazakh fine arts. The author opens value of patriotic education is art-graphic faculty in the course of studying of a course of the fine arts.

ЖОҒАРЫ ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТҮЙІНДІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Ә.А.Белегова –

*ізденуші, М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік
және коммуникация академиясы*

Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан-жақты дамыған білімді, өзінің және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр. Әлемдік өркениетте экономикалық жағдайға сәйкес білімдік мақсаттарды стандарттау, білім берудің бағыты тұлғаның құзыретін жалпы дамыту және жеке жағдайда түйінді құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі айқындалып отыр.

Қазақстандық жоғары білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі білім берудің мазмұнын жетілдіру болып табылады. Білім берудің мазмұны студенттерге тек белгілі бір білім, білік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, өмірлік проблемаларын өз бетімен және тиімді шешуге, тұлғаның өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әмбебап білім, тәжірибе және қабілеттер жиынтығын меңгертуге бағытталған. Білімге бағытталған оқытудан құзыретті, тұлғаға бағдарланған білім беруге көшу оның мазмұнына, экономикалық, саяси, құқықтық, деен, коммуникативтік мәдениет компоненттерінің, сонымен бірге, еңбек, отбасылық қарым-қатынастар, салауатты өмір салтын ұстану, өмір қауіпсіздігін сақтау мәдениетінің көрініс табуын белгілейді. Осы міндеттерге сәйкес жоғары техникалық оқу орындарының мақсаты – студенттің тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру, даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына, тұрақтануына көмек беру.

Университеттердің қазіргі міндеттері тек білім беру, адамгершілік мұраттарды қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге жаңа Қазақстанның жаңарған әлемдегі орнын анықтайтын ғылыми және шығармашылық әлеуеті жоғары болашақ мамандардың қоғамдық көзқарасы мен өмірлік ұстанымын қалыптастыру болып отыр.

Жоғары техникалық оқу орны – тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі үшін барлық жігерін жұмсайтын негізгі міндеті жас ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру болып табылатын әлеуметтік институт /1/.

Жоғары техникалық оқу орындарының басты проблемасы – сапалы білім беру, кәсіби даярлау, білікті кадрлардың әлеуетін көтеру, білім саласындағы инновациялар.

Жоғары техникалық оқу орындары қызметінің негізгі қағидасы оқу мен ғылыми ізденістердегі шығармашылық еркіндікті қажет ететін академиялық еркіндік қағидасымен сәйкес келуі тиіс.

Жоғары техникалық оқу орындарында ғылымды дамыту еліміздің экономикалық өркендеуіне ықпал ететін ғылыми техникалық кадрларды даярлауда негізгі роль атқарады /2,2/.

Қазақстанның қазіргі экономикалық дамуы ешбір сын көтермейді, жоғары техникалық білім деңгейі тым төмен, бәсекеге қабілетсіз. Ондаған жылдар оза отырып, алдымызға ауқымды бағдарламалар қойғанымызбен, оларды жүзеге асыратын шешімдер мен тетіктердің жай-күйін, ыңғайы мен ығын біле бермейміз. Басты қателік – техникалық білімнің деңгейін әлі күнге дұрыс жолға қоя алмай келе жатқанымызда жатыр.

Жоғары техникалық оқу орнын бітіруші студенттерге қойылатын талаптардың бірі – гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық ғылым негіздерін меңгеру, алған білім мен әдістерін кәсіптік қызмет пен басқа іс-әрекеттерде пайдалана білу; Қазақстан Республикасы Ата Заңы негіздерін, адамның адамға, қоғамға, қоршаған табиғи ортаға қатынастарын реттейтін этикалық және құқықтық нормаларды білу; ойлау мәдениетін меңгеру;

Қазақстан Республикалық мемлекеттік тілін білуді, кәсіптік лексиканы сауатты түрде пайдала білу; өзінің кәсіби қызметінде шетел тілін қолдануға қабілетті болу. Осы талаптарды жүзеге асырудың алғы шарттары: техникалық-технологиялық, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық факторларды есепке ала отырып, кәсіптік мәселелерді шешуге қажетті жағдайларда қолдану, Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік ортасындағы орны мен ролін; инфрақұрылымының экономикалық сипаттамасын білетін маман даярлау; нарықтық экономика жағдайларының негізі және басқару мәні, басқару ұстанымдары мен әдістері; қызметтерін іске асырудың түрлі жағдайларында оларды анықтаудың ұстанымдары мен әдістерін, экономикалық негізін, саланың кәсіпорындарының өнімін, құнын және баға құрау жүйесін түсіне білетін маман даярлау болып табылады.

Өркениетті елдердің тәжірибесіне назар аударсақ, олар өзінің өндірістік қабілетін үнемі жетілдіріп отыру мақсатында кадрлар даярлауға, әсіресе, техникалық тұрғыдағы білікті мамандар әзірлеуге бірінші кезекте маңыз береді. Мәселен, барлық жағынан қуатты дамыған, бізге менталитеттік тұрғыдан келеді-ау деген сол жапон халқының тек 30 пайызға жуығы ғана жоғары білімділер екенін екінші бәрі біле бермейді. Оның есесіне бұл елде жоғары техникалық білім алып, мемлекеттің бүкіл өндірістік техниканы қозғалысқа келтіріп отырған білікті мамандардың сапасы да жоғары, саны да жеткілікті. Жапонияның екінші дүниежүзілік соғыстан кейін еңсесі көтеріле алмаған экономикасы оншақты жыл ішінде түзеліп, тіпті, кейбір батыстық елдерден озып кеткендігі бүгінде әлемнің өндіргіш күштер мен өндірістік әлеуетін зерттеуші ғалымдардың өзін таң-тамаша қалдырып отыр.

Мемлекет басшысы өзінің биылғы Жолдауында былай деп атап көрсеткен болатын: «Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономиканың қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы керек». Қазақстанның экономикалық қадамын ширатып, материалдық өндіріс пен тауарлардың әлемдік бәсекеге төтеп берер қабілетін қамтамасыз ету – ең алдымен, жоғары техникалық білімді жолға қоюды қажет етеді. М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясының өзі 2008-2009 оқу жылында ваканттық екі грант, 2009-2010 ж.ж. – 1 грант иегері болып отыр. Бұл көрсеткіш бүгінгі таңдағы жоғары техникалық оқу орны мамандарына деген сұраныстың жоғары деңгейде екендігін байқатады.

Елдің экономикалық күш-қуатын арттырудың басты алғышарты – *қажетті маман жұмысшылар мен білікті кадрлар әзірлеу*. Яғни, жоғары технологиялық талаптарға жауап беретін оқу орындары жүйесін жолға қоюдың маңызы ерекше. Бұл үшін біздегі қаптаған жоғары оқу орындарын реформалаудың (батыл түрде қысқартудың) уақыты жетті. Бір ғана мысал келтірейік: қазіргі кезде Қазақстандағы 150-ге жуық жоғары оқу орындарында 640 мың студент оқиды екен. Мемлекеттік тапсырыстың көлемі 33 мыңнан сәл асады. Ал, олардың білім беру сапасын айтудың өзі артық. Жоғары оқу орындарын қысқарту арқылы оларға бөлінетін қаржының

едәуір мөлшерін жоғары техникалық білім жүйесін дамытуға жұмсау біз үшін әлдеқайда тиімді болар еді /3, 2/.

Еліміздегі техникалық жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандар бірден өндірістік салаға (сұраныс болса) сеніммен араласып кете алмайды. Өйткені, өндіріс пен білім арасындағы алшақтық жер мен көктей. Студенттердің көпшілігі нақты тәжірибелік дәрістерден өтпейді. Тек теориялық біліммен ғана шектеледі. Тіпті, сол теорияның өзін өндірістік қажеттіліктермен тікелей ұштастыратын баяғы байланыс қазір жоқ. Және соншама жастарды инкубатордан шыққан сарыауыз балапандар сияқты қажет болсын, болмасын мыңдап оқытып, қалтасына диплом салып беріп, тағдырдың толқынына итере салатынымыз да ауыр сын емес пе? Қазір Қазақстандағы 16 – 34 жас арасындағы жастардың тең жартысынан астамы жұмыссыз сенделіп жүр.

Ізгілік педагогикасы, тұлғаға деген қызығушылық, жалпыадамзаттық және рухани құндылықтарға бетбұрыс жасау – қазіргі қоғам мен жоғары білім беру жүйесінің даму бағыттары болып табылады. Жоғары техникалық оқу орындарында дәстүрлі білімділікке бағытталған оқыту жаңа ақпараттық қоғамның сұраныстарын қанағаттандыра алмайды. Сондықтан, өмірде және қоғамда өз орнын анықтай алатын, білімі арқылы мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын, дербес, белсенді, үнемі даму үстінде болатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу үшін инновациялық педагогикалық парадигма, оқыту және тәрбиелеу жүйесіне тұжырымдамалық тұғырларды қажет етеді.

Қазақстанның әлемдік білім кешеніне енуі, елімізде демократиялық қоғамның құрылуы, жоғары мектепте студенттерді жоғары сапалық деңгейде оқытуды, осы арқылы жаңа нарықтық жағдайларда болашақ мамандандырды даярлауды талап етеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы білім жүйесін 2015 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасы /4/ мен 2005-2010 жылдары білімді дамыту бағдарламасы жеке тұлға даярлауды күн тәртібіне қойып отыр /5/. Осыған орай, егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар жағдайында оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең, білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру маңызды міндет болып отыр.

Қорыта келе, айтарымыз, жеке тұлғаның түйінді құзыреттілігін қалыптастырудағы үлкен роль еңбек, өзара қарым-қатынастар, адамдардың әлеуметтік және саяси институттары сияқты әлеуметтік факторларға тиесілі. Бұл – диалектикалық тұтастықтың арасында жүзеге асатын үдеріс.

1. Зеер Э.Ф. *Личностно-ориентированное профессиональное образование*. – Екатеринбург: Урла гос.проф.универ-та. 1998. – 126 с.
2. Брунер Дж. *Психология познания*. – М.:Прогресс, 1989. – 412 с.
3. Бондаревская Е.В. *Личностно-ориентированное образование: опыт разработки парадигмы*. – Ростов на Дону, 1997. – 219 с.

4. *Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Қазақстан мектебі. – Алматы, №1, 2004.*

5. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан. – Алматы. - 2004. – Б. 2.*

Резюме

В статье раскрываются основные проблемы студентов, обучающихся в высших технических учебных заведениях. Автор рассматривает возможности личностно-ориентированного образования в обучении студентов технического вуза.

Summary

In article the basic problems of the students trained in the higher technical educational institutions reveal. The author considers possibilities of the lichnostno-focused formation in training of students of technical college.

КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОЮ-ӨРНЕК ӨНЕРІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

С.Т.Саркеева -

*№175 «Жаңа Ғасыр» мектеп-гимназиясының «Технология» пәнінің
мұғалімі*

Бүгінгі таңдағы жаңа технологиялық кезең әлеуметтік, экологиялық, экономикалық, психологиялық, эстетикалық және т.б. факторлар мен салдарларды ескере отырып іс-әрекеттердің нәтижеге жетудегі тәсілдерін ойлап табуды көздейді. Сондықтан әрбір адам өзінің іс-әрекетіне тәсілдерді ғылыми білімнің негізінде кешенді түрде таңдауы қажет. Ал, бұл болса технологиялық мәдениеттің болуын талап етеді.

Технология түсінігі адамның түрлі іс-әрекет саласын, осы іс-әрекет пен соған қажетті техникаға қызмет атқаратын білім жиынтығын көрсететін ерекше бір ұғым. Оны адамның теориялық білімді жүйелі түрде қолданудағы ұтымды іс-әрекетінің тәсілі ретінде сипаттауға болады.

Компьютерлік технология әлеуметтік объектілер мен іс-әрекеттер туралы білімді түрлендірудің тиімді әдістері бойынша ғылыми-практикалық білімнің негізгі формасы ретінде алға шыға отырып белгілі мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді. Оның әдеттегі ғылыми білімнен ерекшелігі, ол білім ретінде «не» деген, ал технологиялық білім ретінде «қалай» - деген сұраққа жауап береді /1/.

Компьютерлік технологияны қолдану арқылы ою–өрнектерді орындауда оқушының өз- талғамымен қиялын қоса отырып, белгілі бір іс-

әрекеттің орындалу барысын бастан аяқ жобалау және жүзеге асыру деп айтар едік.

Асқар тау, таза ауалы, сыңсыған орманды, суы шәрбат, топырағы торқа, койны құт-қазыналы, ұлан-ғайыр өңірді өріс-қоныс етіп, табиғаттың дарқандығын да, тарпандығында, басынан кешіп, талай-талай тарихи кезеңді өткерген ата-бабаларымыз адамзат қоғамының шалқар көшінде өзінің шаруашылығын негізіне, тұрмыс тәсіліне, ұлттың ерекшелігіне қарай дара ұлттық дәстүр салт санасын қалыптастырып, оны ұрпақтан ұрпаққа жалғап аса бағалы заттық мәдениеті мен рухани мәдениетін сақтап қалды. Бұл адамзат мәдениетінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады /2/.

Халық шеберлері ішінен небір керемет ісмер оюшы сызушылар тігіншілер, кестешілер, сырмақшылар, тоқымашылар, зергерлер, етікшілер, ершілер, өрімшілер шықты. Сөйтіп халқымыздың ұлттық қолөнерін қалыптастырды.

Сонау жазу – сызу шыға қоймаған ерте заманда адам өз ойын тасқа, сүйекке, ағашқа ойып қашап түсіріп отырған. Қазіргі қолөнер саласындағы «сүйек ою өнері», «ағаш ою өнері» деген сөздер сол ерте заманда қалыптасқан ұғымдар. Демек, бұдан қазақ халқының ою – өрнек өнері де осы тұста басталғанына көзімді жеткіземіз.

Қазақ халқының қолөнерінің сала- саласында кең қолданылып келген, өнердің өте көне, әрі күрделі түрі ою – өрнек өнері. Қазақтың қолтума сәндік өнерінің барлық түрлеріне де оюлар мен өрнектер алғашқы элемент ретінде қолданылады. Ою мен өрнек қолөнер бұйымдарының тұтынушылық және эстетикалық мәнін аша түседі. Сондықтан да қолөнер заттарының әрқайсысындағы оюлар мен өрнектеуге, әшекейлеуге жітік зер сала білу керек.

Бір кезде тасқа, ағашқа, сүйекке түсірілген ою – таңбалар келе – келе киізге, алаша, кілем тағы басқа заттарға салынатын болған. Ол белгі, таңбалар арқылы халық белгі бір ұғым түсініктерді аңғартып, біліп отырған. Бұдан ою – өрнек белгі таңбалары өмірқажетінен туғанын байқауға болады. Мысалы, қазақ халқының ерте кезден бергі әдет – ғұрып салты бойынша, бөтен жерге, алыс ауылға күйеуге ұзатылған қыз баланың белгілі бір уақыттан кейін төркін жағына сәлемдеме жіберуі тиіс екен. Сәлемдемеде жас келіншек өзінің күйеуге шыққаннан кейінгі тұрмыс жағдайын ою – өрнекпен бейнелеп жіберуі шарт болған. Осы салт бойынша тұрмысқа шыққан бір қыздың үйіне жіберген сәлемдемесіне - алақандай жарғақ, оның бетіне бойы сорайған ұзын және өте жіңішке, әрі арық адам бейнесі кестеленіп салынған және оның жанында тұрған дөп – дөңгелек адам тұрпаты бейнеленген. Бұл сәлемдемеден қыздың ата- анасы жат жұртқа ұзатылған баласының «отырса опак, тұрса сопақ» болған мүшкіл халін түсінген. Ал басқа бір ретте күйеуге ұзатылған қыздан «құсмұрын» бейнесі салынған сәлемдемеде келсе, ата – анасы одан баласының барған жерінде құстай ерікті, басы бостандықта, жағдайы жақсы екенін ұғатын болған. Сондықтан ұзатылған қыздан сәлемдемеге құстұмсық жүзік келсе немесе құстұмсық ою – өрнекті тұскиіз,

басқұр сияқты зат жасап, атап өтуді әдет еткен. Бұл әдеттің жұрнағы қазір де кейбір өңірлерде сақтаулы.

Қазақтың ұлттық ою – өрнектері мен оның атаулары көп. Ою – өрнек тарихына ой жіберсек, көп мағлұмат аламыз, даму кезендерін байқаймыз, уақыт өткен сайын жетіле бергенін көреміз. Сонымен ою – өрнек дегеніміз геометриялық және бейнелеу элементтерінің жүйелі ырғақпен қайталанып, үйлесімді құрылуы. Ою сөзін латынның *ornamentum* (орнамент), ал өрнек сөзін орыстың узор сөзінің баламасы ретінде қолдануға болады. Ою – өрнектерді композициялық құрылымына қарай бір жүйеге келтіру үшін ғалымдар үш топқа бөледі:

1. Өсімдік типтес ою – өрнек. Көкөніс өрнектерінде өсімдіктердің гүлі, жапырағы, сабағы, дәні т.б. негізгі элементтері көрінеді.

2. Зооморфтық ою – өрнек. Өрнектер негізінен жануарларды, яғни аң – құс, балық т.б. түрлі жәндіктерді және олардың мүшелерін бейнелейді.

3. Космогониялық өрнек. Өрнектер дөңгелек, ирек, шимай, торкөз т.б. құралады.

Жоғарыда аталған негізгі өрнек түрлерінен бөлек қазақ шеберлері көп қолданылатын ою – өрнек элементтерінің мынандай атаулары бар:

а) Аспан әлеміндегі құбылыстарға байланысты өрнектер: ай, күн, жұлдыз, айшық, аймүйіз, құс жолы, жұлдызша, кемпірқосақ, т.б..

ә) Заттардың атауына байланысты өрнектер: балға, балта, тарақ, балдақ, күмбез, табак, қармай, т.б.

б) Эпиграфиялық өрнектер, яғни жазуды өрнек тәріздендіріп, белгілі бір заттың бейнесіне келтіре әдемілеп, астарлап жазу.

в) Ру таңбалары мен ел таңбалары және малға салатынын ел таңбаларға байланысты ою – өрнек элементтері: тұмар, айшық, босаға, абақ, тарақ, көз, шөміш, көсеу, ашамай, т.б.

Халқымыздың бізге жеткен ою – өрнек үлгілері – бай мұра, сарқылмас қазына.

Ою–өрнек тұрмыста бір бұйымның бетін әшекейлеу үшін қолданылатын нақыш, өрнек. Заттың бетін өрнектеу үшін ісмерлер әр түрлі тәсілді қолданылады. Олар: оймыштау, бедерлеу, шеку, қашау, тісеу, құрау тәрізді әрекеттер арқылы жүзеге асады. Әр өрнек белгілі бір бөлшектен (элемент) құралады. Ғалымдар ою- өрнектердің әзірше 200 – дей түрін ғана анықтады. Біз солардан халық тектес ою – өрнектердің сөз етпектес.

Ою – өрнектердің бұл тобын, қазақ халқының ою – өрнектерінің төркіні десек те болады. Өйткені барлық жаңа буындар осының негізінде жасалып, тек атаулары өзгеріп отырған. Мысалы: қошқар мүйіз, арқар мүйіз, бұғы мүйіз, қырық мүйіз, қос мүйізі, сыңар мүйіз, төртқұлақ, түй табан, қос алқа, құс қанаты, қаз табан, т.б. ою – өрнектердің негізгі арқауы.

Осы элементтерден ою – өрнек композициясы жасалды. Қазақ оюларының мазмұны мал өсіру мен аңшылықты, жер – су, көшіп – қону көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін аңғартады, көшіп – қону көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін

әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін аңғартады бәрінде де мүйіз оюы үнемі араласып отырады.

Әрбір оюшы ою – өрнек жасап, оған ат беріп, оны тұрмыста қолданған. Сондықтан қазақтың ұлттық ою – өрнектерінің ең басты мәнері, ең көп түрі және әр түрлі мәнер жасауда жиі қолданылатын «мүйіз» тектес оюлар. Ғалымдардың анықтауынша, ол ежелгі өрнек, сондықтан онда көбіне мал шаруашылығы мен көшпенді өмір салты бейнеленген. Мүйіз тектес ою – өрнектер кейде өте ұсақ, кейде өте ірі болып келеді. Ұсағы зергелік, кесте тігу, ағаш, сүйек, мүйіз ұқсату сияқты нәзік істерге қолданылса, ірісі кілем, алаша, терме алаша, текемет, сырмақ, шиорау, қоржын, киім – кешек, құрылысқа қолданылады.

Халық шеберлері мүйіз өрнегінің сан қилы мәнерлермен құбылта, бір элементке екінші, үшінші элементтерді қосып, молықтырады да құлпырған әдемі де мазмұнды композиция жасайды. Мұндай мүйіз тектес ою – өрнектер тізбегін Қазақстан Республикасы ғалым академиясы үйінің ішкі тіреулерінің төбесімен жалғасқан жерінен көруге болады. «Мүйіз» тектес ою – өрнектерді бұрын – соңды зерттеуші ғалымдардың барлығы бұл өрнектердің негізгі қойдың, арқардың, ешкінің, сиырдың, бұланнның, бұғының, қодастың, еліктің мүйіздерін бейнелеуден шыққан деп түйеді.

Шеберлер жаңа ою – өрнектерін тұрмыс тіршілігіне, өз дәуіріндегі заман ағымына қарай лайықтап отырған. Мысалы, халқымыздың көне бұйымдардағы ою – өрнектер сәнділігімен қатар, сол бұйымдардың жеңіл, әрі берік болу жағын қарастырған. Оның үстіне әрбір жануар мен заттың өз бойындағы қасиеттеріне қарай тақырыптың мағынасы, композициясы, симметриясы мен ассиметриясы, колориті мен ритмі, сондай – ақ оған арналған философиялық мәні де байқалады [3]. Композиция дегеніміз латынның ою-өрнекті бір заттың бетіне реттеп орналастыру деген сөзі. Мысалы, ою-өрнек кесеге салынатын болса, ол үлкен де, кіші де болмай, асқан дәлдікпен жарасым табу керек.

Өрнек үшін симметрияның да маңызы зор. Оның екі жағының бірдей болуы – симметрия заңы. Симметрия кез келген ою-өрнекте болады. Ою-өрнектердегі бояу түрлерінің бір-бірімен үндесіп, жарасын табуын колорит дейді. Колорит көп бояулы ою-өрнектерде жиі кездеседі. Ою-өрнектерде бір элементтің қайталанып отыруын ритм-ырғақ дейді.

Ою-өрнектерді алдымен компьютердің көмегімен интерактивті тақтаның программасы арқылы жасайды. Тақта программасына көрпенің жалпы жоспарын сызып аламыз. Яғни, пайда болайын деп тұрған бұйымның эскизін алғаш тақтадан-ақ қандай болатынын өзіміз программаларды қолдана отырып, өз фантазиямызды қосып, электронды түрде көруімізге болады. Жасалған ою-өрнектерді принтерден шығарамыз. Қолдан сызбастан, шығарып алынған оюды қайшымен қырқып, матаның үстіне сиямен симметрияны пайдаланып бастырып аламыз. Сосын қалаған түстегі сәндік жіптермен кестелеп тігеміз. Осылай, бұйымымызды компьютердің көмегімен көп уақыт жұмсамай-ақ оңай дайындауға болады.

1. Оқу білім негізі – ұлттық тәрбиеде // Білім-Образование.- 2006. - № 6 (30).

2. Білім мен тәрбие сабақтастығы басты мақсатымыз // Қазақстан кәсіпкері –2006. - № 12 (43).

3. Марғұлан Ә.Х. Қазақ халқының қолөнері. Энциклопедия, 1 – 2 том.- Алматы, 2000.

Резюме

В данной статье даны сведения об обучении орнаментальному искусству на интерактивной доске с помощью компьютерной программы. Автор приводит некоторые методические особенности такого обучения.

Summary

In given article the information on training to ornamental art on an interactive board by means of the computer program are supplied. The author results some methodical features of such training.

ДЖАЗ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХИ СИПАТТАМАСЫ

М.С.Сұлтанова -

п.ғ.к., доцент, ҚазМемҚызПУ

Музыка мен эстетика тәрбиесінің ортақ мәселелері, зерттеу салалары – адамды табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап, бағалауға және түсінуге тәрбиелеп, оқыту болып отырса, музыкалық білім педагогикасы мәселелерімен айналысатын зерттеушілердің өзіндік ерекшелігі бар осынау жеңіл эстрадалық музыка жанрына, соның ішінде джаз музыкасына бет бұруы, бүгінгі жеткіншектер мен жасөсіпірімдердің, жастардың арасында музыкалық-эстрадалық орындаушылық өнердің кеңінен таралуына байланысты деп түсіндіреді. Соңғы уақытта өнер саласында коммерциялық мақсатта туындаған, жеңіл-желпі, көркемдік құндылығы, идеялық-адамгершілік негізі төмен, болмаса жоқ десе де болады, бір сарынды музыкалар мен әндердің көбейіп кетуі, оның әрі қарай белең алуы педагог-музыканттарды оқушылар, жеткіншектер мен жастар аудиториясынан алшақтаттырады. Бұл өз кезегінде тәрбиелік мәні зор классикалық, халықтық музыка және академиялық деңгейге көтерілген үздік джаз музыка туындылары арқылы музыкалық мәдениетті қалыптастыру идеясына елеулі нұсқан келтірері сөзсіз. Қанша жастарға джаз музыкасын тыңдатпаймыз десек те, олар күнделікті сол музыкамен етене жақын өмір сүруде. Олай болса, неліктен біздер оқушылардың жоғары талғамын қалыптастыруда сол бағыттың үздік үлгілерін ұсынбаймыз деген мақсатты ой туындап, оған жауап іздегендейміз.

Музыка, оның түрлері, жанрлары, стильдері, әртүрлі композиторлардың өмірі мен шығармашылығы туралы білім музыканың өзімен танысу негізінде берілгенде музыкалық танымның кеңеюі мен талғамның қалыптасуында үлкен роль атқарады. Музыка үйрету мен білім беру музыкалық тәрбиенің маңызды жолы болып табылады, яғни музыкалық қабілеті дамыған, өнерге деген талғамы жоғары, музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығы бар мәдениетті адам тәрбиелеумен бағалы. Музыкалық талғам – адамның өнер туындысын қатар қабылдау және бағалау қабілеті болып саналады. Ол ең алдымен өнердің тікелей әсерімен қалыптасады. Бұл, сондай-ақ, адамның өзінің жеке ерекшеліктеріне, өнердегі шынайы көркем құндылықтарды қабылдау ерекшеліктеріне де тікелей байланысты. Егер бала жастайынан бастап-ақ, үнемі жоғарғы деңгейдегі, жақсы музыка естіп өссе, онда нәзік талғам қалыптасады. Жақсы талғам тек халықтық, классикалық дүниелермен ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде теледидар мен радио байланысынан естіген жеңіл эстрадалық жанрдағы музыканың жақсы мен жаманын салыстыру арқылы да дамиды. Тыңдаушы аудиторияның байыпты музыка-лық шығармаларды қабылдауының жеткіліксіз деңгейінен туындаған кон-церттік өмірдің белгілі вакуумдық көпшілік коммуникация мүмкіншілігінен эстрадада пайда болған кейбір құбылыстар концерттік жанр есебінде қабыл-данды. Сол қатарға джаз музыкасы да енді. Олай болса, XX ғасыр музыка-сындағы ерекше жарқын, көрнекті құбылыс – джаз тарихына назар аударайық.

Джаз – тарихи, эстетикалық, әлеуметтік құбылыс. Ол ғасырлар бойы дамыған классикалық музыкалық жанрдың ешбір түрімен салыстыруға келмейтін 70-80 жылдар арасында қазіргі әлемдік музыкалық тұрмысты өзгерте, жаңа формаларды тудыра, қолданбалы тұрмыс-салт музыкасынан дами келе, XX ғасырдың мәдениетін байқататын интернационалдық құбылыс болып табылды. «Джаз» ұғымы 1910 жылдар ортасында қолданыла басталды; алғашында кішігірім оркестрлерді және олардың ойнайтын музыкасын атайтын. Джазға дыбыс шығарудың академиялық емес тәсілі мен ырғақ-тандыруы, әуенді жеткізуде импровизациялық сипаты мен оны өңдеулері, жүйелі ырғақтық соғылысы, эмоционалдық көтеріңкілігі тән. Көпшілік мойындаған танымал өнердің бұл түрі жаңа белестерді жеңе отырып, «джаз», «соул», эстрадалық музыка, кино мен теледидар музыкасына әсерін тигізді.

Джаздың негізгі өзегі – *блюз*, гитара немесе банджо аспабының сүйемелдеуімен орындалатын жеке дауысқа арналған ән. «Блюз» ағылшын «blue» сөзінен – көгілдір, көңілсіз дегенді білдіреді. Блюз – XIX ғасырдың екінші жартыжылдығында пайда болды. Шын мәнінде, ол орындаушы-музыканттың орындау барысында әнді кенеттен шығаратын импровизациялауы болатын. 3 тізбекті құрылым тән (аа¹в) шумақты формада шығарылатын блюзде шумақтың екіншісі біріншіні қайталайды, кейде өзгертілсе, үшінші – қайырымды қорытады. Блюзға вокалдық партия мен аспаптық сүйемелдеу диалогы да тән болды. Музыкант вокалдық партияны сүйемелдемейді, қайта әуенді гитарада көркемдеп, өңдеп импровизациялайды. Демек, ол ақын мен

музыканттың диалогы болып келеді. «Түнгі аспан» пьесасы көңіл-күй мен формасы жағынан негрлік блюзға жақын. Мұнда гармониялық жүйелілік пен блюзға тән он екі тактілік құрылым кездеседі. XX ғасырда блюз басылып шығам дегенге дейін, қалалық ән емес, әнші-музыканттардың ауызша шығармашылығы болатын. Ең алғаш Вильям Хендидің «Мемфис-блюз» жарық көрді, 1914 жылы ең танымал оның «Сан-Луи» блюзі шығады. «Блюз патшайымы» танымал әнші Бесси Смит болатын. 20-жылдардың ортасында жазылған оның алғашқы күйтаспалары қазіргі кезде өте сирек кездеседі (1).

Джаздың осы кезеңін сипаттай келе, джаздағы алғашқы данышпаны *Луи Армстронг* жайында айтпай кетпеуге болмайды. «Данышпан» сөзі джазда Армстронгпен байланысты, оның шығармашылығы барлық талдаудан да жоғары. Луи Армстронг Жаңа Орлеандада 1900 жылы 4 шілдеде дүниеге келді. Армстронг балалық шағы басқа да джаз пионерлері секілді регтаймдар, би, марш т.б. – музыка атмосферасында өтті. Армстронгтың әуенді сезінуі ерекше болатын. Ол корнетте ойнауды 14 жасында бастады. Нотаны танымай-ақ бірнеше айлардан соң аспапты меңгергені соншалықты, мектептегі музыканттар тобын басқарды. Төрт жылдан соң ол Жаңа Орлеанданың басты джаз-бэндте корнетист болды. Тағы төрт жылдан кейін ол сол уақыттың жақсы джазмені аталды, ол кезде оған жиырма үш те болмаған еді. 28 жасында джаздың дамуына әсер еткен, сонымен бірге америка музыка тарихына енген күй-табақтар сериясын шығарды. Әрине, джаз – жастар өнері. Бейдербек жиырма сегізінде кетті; Чарли Паркер – жиырма үшінде. Отыз жасқа дейін Лестер Янгпен ал Билл Холидей – жиырма беске дейін джаз музыкасының ең жақсы үлгілер орындалды. Әрине, Луиде нағыз музыкалық аспабы болмады, бірақ өзге әріптестері секілді квартетте көшелерде болмашы ақшаға ән айтатын. Квартет құрамының өзгере беруі әртүрлі дауыстар партиясын айтуға мәжбүрледі. Ол да болса Армстронгқа музыкант есебінде қалыптасуына әсерін тигізді.

Корнетист Джозеф Оливер ойнаған Кид Ори басқарған оркестрді Луи көріп, оны кейін кәсіби әдістерге үйретеді. Олардың қарым-қатынасының нәтижесі – Оливер ауық-ауық өз орнына Армстронгты Ори оркестріне ойнауға жіберіп тұрды. 1918 жылы Оливер солтүстікке – Чикагоға кеткенде, Ори Армстронгты оның орнына алды. Жаңа Орлеанда Ори джаз-оркестрі ең жақсы оркестр болса, он сегіз жасар Армстронг жүргізуші корнетист болды. Қала-ның әртүрлі мекемелерінде ол өз біліктігін жетілдіре берді. 1922 жылы Оливер Армстронгты Чикагоға шақырды, арада біраз жылдар өте ол алғашқы күйтабағын шығарды. 1924 жылы Хендерсон оркестрінде жұмыс істей, жеке партиялық бірнеше күйтабақтар «Sugar Foot Stomp» жазады. 12 қараша 1925 жылы «Okeh» студиясында күйтабақтар сериясынан «Hot Five», «Hot Seven» атты алғашқы жазбаларын шығарды. Кейінгі жылдары Армстронг Тэйт, Кэрролл Диккерсонның тобында жеке орындаушы болып ойнады. Осы жылдары ол корнет аспабынан трубаға көшеді. Джаз пионерлері корнет аспабын қолданатын. Труба симфониялық оркестрдің аспабы болып саналатын, сондықтан да джаз мүшелері оны ойнаудан қашатын. Алғашында екі аспапта ке-

зек-кезек ойнай келе, кейін бірыңғай труба аспабына көшеді. Сөйтіп джазdan бұл аспап қалыс қала берді. Тек Жаңа Орлеанд дәстүріне сенімін сақтағандар ғана ойнайтын. 1929 жылы Армстронг Чикагодан Нью-Йоркқа көшті. Кейінгі он жеті жылда ол үлкен оркестрдің негізгі жеке орындаушысы болды. Жиыр-ма жылда ол өте көп джаздық пьесалар ойнады. Көптеген оркестрлер оның ойыны мен ән айтуына сүйемелдеуші болды. Әдетте трубач бір кеште бір-екі үлкен соло орындай алса, Армстронг концерттің әрбір номерінде ойнады. 1935-1941 жылдар арасы Армстронг үшін жемісті болатын: көп жазбалар жасады, ондаған фильмдерге түсті, байыды. Биг-бэнд ғасыры 1946 жылға дейін созылды. Армстронг дикселанд секілді кіші пьесаларға қайта оралды, көбірек ән айта бастады. Енді ол әнші ретінде танымал болды. Өмірінің соңына дейін (6 шілде 1971 жылы қайтыс болды) Армстронг көпшілік алдына шығып жүрді.

Луи Армстронг бүкіл әлем таныған керемет джаз музыканттарының бірі болды. Оның джазға сіңірген еңбегі ұжымдық музыкадан жеке ойнау өнеріне айналдыруы еді.

Джазда вокалдың рөлі арта түсті. 30 жылдарға дейін ән айту джазға бағы-нышты құбылыс болып табылатын. Джаздық ансамбльдер ән, блюз орындау-шы әншілерге берілген тақырыпқа импровизация жасау мүмкіншілігі жоқ сүйемелдеуші ғана болатын. *Армстронг трубасы* мен *Бесси Смиттің* ән керемет дуэтін атап айтуға болады. Кейде әнші рөлінде ансамбль мүшелері шығатын, олар ән әуенін вариациялайтын, бірақ тақырып олардың вариацияларын еркін импровизацияға айналдыруға мүмкіншілік бермейтін. Тек «скэтті» енгізе әнші әннің шумағын еркін импровизациялауға мүмкіншілік алды. Осы жерде өте қызық жағдайлар туындады. Әншілер аспаптар тембріне еліктей, аспаптық импровизация әдістерін қолдана, сонымен қатар белгілі аспаптарға тән бөлек қайырымдарды қолдана импровизация жасай бастады. Ән айту аспаптық болып, джаздық ансамбльдің ерекше сүйемелдеуші аспа-бына айналды. Адам дауысының бояуы емес, енді тембрлік көркемдеу мен бояу әсемдігінің мүмкіншіліктері бағаланды. Осылай ән айту джаз ойнаушы мүшесі ретінде кірді. Өзінің төменгі, қарлыққан дауысын кез-келген аспаптың дауысына керемет ауыстыра алатын, импровизациядағы бай қиялы мен терең свингті таң қаларлық мүмкіншілігін иеленген джаздың көрнекті әншісі Луи Армстронг болатын. Джаздық вокалдың дамуына джаз әншісі *Элла Фицджеральд* үлкен рөл атқарды. Оның негізі – вокалдық импровизацияға табиғи әнге әндік және мәнерлі бастауды енгізді, үлкен шеберлікпен аспапқа еліктеу әдістерін қолданғанмен, әнге табиғи көркем әдістерін қайтарып әкелді. Элла Фицджеральд кейбір әндерді кішігірім қойылымдарға айналдырып жіберді – кейбір музыкалық композицияларында дауыс жеке аспап болды. Оның орындауындағы «Приятное Джорджи Браун», «Мистер Паганини»-ді естіп, вокалдың бай мүмкіншіліктері мен олардың әдістерін импровизацияда қолдануға болатындығына көз жеткізуге болады. Вокалды бір аспап ретінде өте жақсы көркемдеуде Элланың қатысуымен Хайлд Дейвис ансамблінің

орындауындағы «Шие секілді қызыл» композициясында керемет свингті, «скэт» әдісінің дамуы мен джазда электроорганды қолдануды ести аламыз.

Сонымен, джаз – белгіленген тақырыпқа жеке және ұжымдық импровизациялау негізіндегі музыканттардың ұжымдық орындау тәсілі. Жеке импровизациялау өнері барлық музыканттарға, сонымен бірге ансамбльде ырғақты аспаптарда орындайтын (бас, ұрмалы, гитара, фортепиано) музыканттарға да тән болды. Ұжымдық – жеке орындау ғана емес, ансамбльде музыканттардың өз партияларын басқаша түрлендіруі. Ұжымдық импровизацияда әрбір орындаушы тақырыптың және басқа аспаптардың дыбысталуының көркемдігін ерекше көрсетіп отыруы керек. Джаз музыкасының басқа да тармақтары жайында әлде де болса айта беруге болады. Ол да болса, келешек мақалалар еншісінде демекпін.

Жалпы, болашақ ұрпақтың музыкалық мәдениетінің деңгейін білу үшін олардың қанына біткен халықтық музыкамен қатар классикалық музыканы тыңдай отырып, үздік деп танылатын рок музыка шығармаларын жастар өміріне және тұрмысына орынды енгізуіміз керек. Ал ол, мектепте музыкалық тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін жетілдіру – оқушылардың мәдени-тынығу жұмыстарының теориясы мен практикасын оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдаланып, дұрыс ұйымдастыра білуге тікелей байланысты.

1.Карцын Л.М. Музыкальное исполнительство и творчество слушателя. – М., 1990.

2.Шapiro Н., Хентофф Н. Творцы Джаза. – Новосибирск, 2005.

Резюме

В статье рассматривается история музыкального жанра – джаз как основной компонент формирования музыкального вкуса молодежи. Дается краткий обзор творчества выдающихся исполнителей джазовой музыки Луи Армстронга, Бесси Смит, Элла Фицджеральд. По мнению автора при организации музыкально-досуговой работы подрастающего поколения учитель музыки должен правильно организовать, внедрять истинные композиции выдающихся исполнителей в учебно-воспитательный процесс.

Summary

This article considers the history of musical genre – jazz, as the basic component of formation in student's musical taste. A brief review of works of eminent jazz music' players like Louis Armstrong, Ella Fitzgerald is given. In organization of musical leisure works of growing generation, teacher of music must correctly organize; introduce true compositions of performers (players) in teaching and educational process.

РОЛЬ КОНТЕКСТНОГО ОБУЧЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ МУЗЫКАЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ

Т.У.Оспанова -

к.п.н., доцент,

Казахский государственный женский педагогический университет,

А.И.Умурзакова –

*доцент Казахского национального педагогического университета
им.Абая*

В настоящее время во многих вузах осуществляется переход к организации обучения, основанного на принципах активности личности, проблемности, создания условий для творчества, поддержки и стимулирования познавательной самостоятельности субъекта учения. На основе осмысления психолого-педагогических основ активного обучения А.А.Вербицким была разработана теория контекстного обучения /1/, где процесс учения рассматривается как формирование познавательной деятельности студентов, последовательно трансформируемой, с ориентацией на модель специалиста, в деятельность профессиональную в адекватных ее содержанию формах.

Контекстным А.А.Вербицкий называет такое обучение, в котором с помощью всей системы дидактических форм, методов и средств моделируется предметное и социальное содержание будущей профессиональной деятельности специалиста, а усвоение им абстрактных знаний как знаковых систем наложено на канву этой деятельности. Усваиваемые теоретические знания выступают здесь уже не только предметом изучения, но и прежде всего средством решения моделируемых или реальных практических задач. В контекстном обучении создаются условия для порождения и развития познавательной и профессиональной мотивации, учебная деятельность приобретает для студентов личностный смысл, поскольку в ней реально просматриваются контуры будущей профессиональной деятельности. Выбор комплекса форм, методов и средств контекстного обучения определяется с опорой на его основные принципы: - последовательного моделирования в формах учебной деятельности студентов целостного содержания и условий профессиональной деятельности специалиста; - связи теории с практикой; - совместной деятельности субъектов образовательного процесса; - активности личности; - проблемности; - единства обучения и воспитания; - учет целей и содержания обучения, особенностей образовательного процесса, контингента обучающихся. В качестве специфических форм и методов активного обучения контекстного типа выступают: проблемные лекции, лекции вдвоем, лекции с запланированными ошибками, дискуссии, деловые игры, разбор конкретных педагогических ситуаций, научно-исследовательская работа студентов, учебно-педагогическая практика, творческие задания, работа в творческих группах и др.

Реализация контекстного обучения, в котором создаются дидактические и психологические условия, способствующие процессу трансформации учебной деятельности в профессиональную, предполагает определенное, а в необходимых случаях и существенное переструктурирование содержания обучения, изменение временных рамок его усвоения, деятельности преподавания и деятельности учения.

Музыкально-историческая подготовка школьного учителя музыки включает в себя овладение студентами историческими и теоретическими знаниями, умениями и навыками в системе музыкально-исторических и музыкально-теоретических дисциплин. С позиции контекстного обучения музыкально-историческая подготовка предполагает усвоение студентами историко-теоретических знаний, где содержание осваивается как фундамент профессионализма учителя музыки.

Педагогические технологии контекстного обучения призваны обеспечить поэтапное овладение студентами профессиональными знаниями, умениями, компонентами педагогического мастерства во всей системе учебновоспитательной работы в вузе. Если в традиционном обучении «эксплуатируются» в основном внимание, память, восприятие, двигательная активность студента, которые обеспечивают усвоение им готовых образцов знаний, умений и навыков, то в контекстном обучении речь идет прежде всего о его творческом педагогическом мышлении, без которого не может состояться полноценный учитель. Поскольку мышление порождается в проблемной ситуации (С.Л. Рубинштейн /2/, А.В. Брушлинский /3/, А.М. Матюшкин /4/), в содержании и процессе контекстного обучения необходимо реализовать принцип проблемности. Создаваемые проблемные ситуации, должны быть нестандартными, непривычными, нетрадиционными. Студент, попадая в ту или иную ситуацию, должен определиться в ней, провести анализ обстановки, определить какие данные есть, а каких недостает или они противоречивы и исходя из анализа ситуации сформировать собственные задачи, которые решаются самостоятельно или с помощью преподавателя, а на конечном этапе доказать истинность решения, правомерность выбора своих действий и поступков. Содержание обучения должно быть гибким, выбираться в зависимости от того, с какой категорией студентов предстоит работать. Необходимо также задать социальный контекст будущей профессиональной деятельности учителя музыки с помощью реализации принципа совместной деятельности и диалогического общения субъектов образовательного процесса. Это реализуется прежде всего посредством органического сочетания групповых, индивидуальных (самостоятельная работа студентов) и коллективных форм организации учебной деятельности при ведущей роли последних.

Модель контекстного обучения содержит, согласно А.А. Вербицкому /1/, три базовых формы деятельности студента и множество других, переходных от одной базовой формы к другой.

Первой базовой формой является учебная деятельность академического

типа, ведущая роль в которой отводится лекциям и самостоятельной работе студентов под руководством преподавателя (СРСП). В рамках этой базовой формы лекция может быть разных видов: информационная, проблемная, лекция вдвоем, лекция-визуализация, лекция с запланированными ошибками и др. (Н.В.Борисова, А.А.Соловьева /5/). Уже на лекционных занятиях проблемного характера намечаются предметный и социальный контексты профессионального будущего, поскольку лектор излагает не заранее известные абстрактные знания, а создает и вместе со студентами в диалогическом общении с ними (мысленном или реальном) разрешает проблемные ситуации, раскрывающие теоретическое содержание усваиваемой профессионально-педагогической деятельности.

СРСП также проводится в разных формах в зависимости от целей обучения и его содержания: занятие - дискуссия, в котором ведущую роль выполняет студент, и т.п. Подготовка и проведение таких занятий в процессе музыкально-педагогической подготовки, требует от студентов большой самостоятельности. СРСП строится в виде этапов: подготовительного, организационного, постановки цели, актуализации знаний студентов, выдвижения ими или преподавателем проблем, их обсуждения, разрешения и обобщения. Важное значение имеет подготовительный этап, который требует предварительной интенсивной работы с источниками и монографической литературой. На этом этапе тщательно прорабатывается специальная литература, особенно та, где содержатся противоречивые или противоположные точки зрения на проблемы в области истории и теории музыки, пути их разрешения. В процессе СРСП целесообразно организовать учебные подгруппы, давать им разные проблемные ситуации и творческие задания, организовывать дискуссии по обсуждению проблем, согласованию противоречивых точек зрения и т.п.

Так, при подготовке к СРСП, посвященному творчеству венских классиков, каждый студент готовится к нему индивидуально, знакомится с содержанием и особенностями творчества композиторов различных эпох. Во время занятия студенты разделяются на подгруппы, задача которых - дать анализ их творчества, выявить общее и особенное. В совместной групповой работе над теми или иными вопросами, студенты обмениваются информацией, включаются в дискуссию, в ходе которой высказывают собственные мнения по отдельным аспектам темы. Далее каждая подгруппа «защищает» свою точку зрения, а эксперты из числа студентов других подгрупп оценивают логику выступления, доказательность тех или иных положений, обоснованность выводов и т.п. Очевидно, что в этих условиях обучающиеся работают осмысленно, включается их творческое педагогическое мышление, личностная активность, полноценно реализуется принцип активности личности в познавательной деятельности.

Второй базовой формой активности студентов в контекстном обучении является их квазипрофессиональная деятельность, наиболее ярко представленная в деловой игре. Деловая игра строится таким образом, что в ней

воссоздаются основные закономерности движения профессиональной деятельности и профессионального мышления на материале, предложенном преподавателем и возникающим в ходе самой игры. Еще при разработке деловой игры необходимо предусмотреть такие дидактические условия, который позволят играющим командам (микропедагогическим коллективам) реализовать весь комплекс знаний и умений, который они приобрел и в предшествующем обучении, в том числе на педагогической практике. Основными из них являются: умение «видеть» проблемные ситуации; формулировать цели своей деятельности; выдвигать гипотезы; выбирать средства действий; переводить проблемную ситуацию в заданный вид; проводить оценку ее выполнимости, делать обобщения; принимать согласованные решения, доказывать их правомерность.

Третья базовая форма - учебно-профессиональная деятельность - реализуется через учебно-педагогические практики на старших курсах и научно-исследовательскую работу студентов. Программы учебных педагогических практик и научно-исследовательской работы студента строятся по системной логике и предполагают поэтапную реализацию с возрастанием уровня сложности. Другие формы учебной деятельности, входящие в контекстную модель, являются переходными от одной базовой формы к другой: практические занятия с использованием методов имитационного моделирования, разыгрывание различных педагогических ситуаций и их анализ, работа в творческих группах, конференции по тем или иным аспектам истории и теории музыки. Вместе с базовыми формами все они в системном качестве и должны составить педагогическую технологию контекстного обучения в процессе музыкально-педагогической подготовки студентов.

1. Вербицкий А.А. Психолого-педагогические основы контекстного обучения в вузе: Дисс ... д.п.н. - М., 1991.

2. Рубинштейн С.Л. О мышлении и путях его исследования.-М.: АГШ СССР, 1958.

3. Брушлинский А.В. Психология мышления и проблемное обучение.- М., 1983.

4. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении.- М., 1971.

5. Борисова Н.В., Соловьева А.А. Игра в обучении лекторов. - М., 1989.

Түйін

Бұл мақалада контекстік оқыту теориясы позициядан мұғалімнің музыкатану дайындығының ерекшеліктері қарастырылады. Контекстік оқыту теориясының мәні ашылады, оның мұғалімнің музыкатану дайындығында қолданылатын негізгі принциптері, формалары анықталады

Summary

In this article it is considered properties of musicological preparation of a teacher from position of theory of context training. And it is revealed, it determined its basic principles, basic forms, applied in musicological preparation of the teacher.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ОНЫҢ БАСҚА КӨРКЕМ ПӘНДЕРМЕН ТЫҒЫЗ САБАҚТАСТЫҒЫ

Р.Х.Канапьянова–

к.п.н., доцент, сәндік қолданбалы өнер кафедрасы

Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазіргі кезеңде Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда және бұл үрдіс педагогикалық теория мен оқу – тәрбие процесінің практикасында мәнді өзгерістермен ұштасу үстінде. Білім берудің өлшемдері мен белгілері жаңаша қалыптасуда. Жаңа мазмұн, жаңаша әдіс-тәсіл, жаңа педагогикалық қатынастар қалыптасуда.

Педагогикалық білім мазмұны жаңа іскерлік ұстанымдарды, ғылыми проблемалардың шығармашылық шешімдерін, нарықтық-практикаға бағытталған білім беру бағдарламасын қамтиды.

Бұрын ақпараттық деректер шектеулі болса, қазіргі заманда қабылдануы жағынан ғаламдық масштабты қамтып отыр. Педагогикалық үрдісте мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс жеке тұлғалық сапалы өзгерістерге бағытталған мәнді міндеттерді шешуге тиіс. Осы жағдайда ерекше рөл жеке тұлғаның рухани тәрбиесіне, оның адамгершілік-ізеттік қалыптасуына беріледі.

Педагогикалық жаңа әдіс-тәсілдерді қалыптастыру барысында психологиялық, педагогикалық жағдайларды ескерсек, оның негізгі тұжырымдық бағыттары шығады:

- балаға ақпараттық мағұлматтар бере отырып, олардың есте сақтау қабілетін арттыру және одан әрі осы мәліметтерді пайдалануға бағытталған олардың ақыл-ойын дамыту;
- білімнің тұрақты моделінен динамикалы құрылымдық жүйеге өту арқылы оқушының ойлау қабілетін дамыту;
- бұрын орта деңгейде оқитын балаға көбірек көңіл бөлінген болса, енді өзіндік ойы бар, озық ойлы оқушының дамуын жетілдіруге бағытталған іс-әрекет негізінде сабақ жүргізуге мүмкіндік тудыратын білім беру бағдарламасының жасау міндеті тұр деп айта аламыз;
- бұрын оқушының сыртқы мүмкіндіктеріне, яғни нақтылы іс-әрекетпен айналысу, білімін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту, дағдысын қалыптастыру секілділерге ерекше мән берілсе, және ойлану арқылы шешілетін үрдістерге, шығармашылыққа ұмтылдыратын өзіндік іс - әрекетін жетілдіру арқылы білім беру әдісіне көңіл бөлінеді.

Осы жағдайда бұрыннан қалыптасқан ескіше оқыту әдісі қазіргі заман талабына сәйкес келе бермейтіндігін, бүгінгі мектепте жаңа әдіс-тәсілдерге, идеяларға бағыттаған жаңа тұжырымдама қажеттігі туындайды.

Біздің жағдайымызда бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі пәнін оқытудың дүниетанымдық мәселелерімен байланысты. Олай дейтініміз өнер

тарихы мен әлемдік көркем мәдениет жөнінде әңгіме қозғаған уақытта Қазақстан бейнелеу өнер тарихы пәнін оқытуда оның дүниетанымдық мәселелері ұмыт қалмауға тиіс.

Алдымен бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі пәнінің педагогикалық шарттары және оның эстетикалық тәрбиедегі ролі қандай нәрселермен анықталады деген сұрақтарға жауап беріп көрейік.

Бейнелеу өнеріне Қазақстан өнерінде негізінен XX – ғасырда қалыптасқан живопись, графика, мүсін өнері секілді бейнеге қатысты белгілермен анықтайтын өнердің түрлері жатады. Олардың негізгі ерекшелігін айқындайтын белгі қоршаған ортамен, бейнеленген адаммен, сурет салынған натюрмортпен және сюжеттік сарында орындалған әртүрлі оқиғалардың шындықпен ұқсастықта бейнеленуі. Бұл оның басты критерийі. Әрине, XX – ғасырда бұл түсінікке қайшы келетін модернистік бағыттағы ізденістер, абстракциялы композициялар жеткілікті болды. Дегенмен біз бұл жерде жоғары көркемдік талғамда орындалған классикалық реалистік шығармалар жөнінде айтып отырмыз.

Сондықтан біз де оны бейнелеу өнері түрлері мен іс-әрекет ерекшеліктеріне қатысты төмендегідей бөлімдерге ажыратып көрейік:

- *жазықтықта бейнелеу*. Ол живопись пен графика өнері түрлеріне байланысты нұсқаға қарап сурет салу, композиция құрау, еркін тақырыпта сурет салу секілді шығармашылық түрлерін қамтиды;

- *мүсін өнері*. Мұнда үш өлшемді жұмыр денелі композиция құрау, модельдеу іс-әрекет түрлері қамтылады;

- *сәндік қол өнері*. Бұл өнерді көптеген бағдарламалар мен оқулықтарда “Сәндік қолданбалы өнер” деп атап жүр. Біздіңше бұл дұрыс атауға ие емес. Себебі біз атап өткендей қол өнері бұйымы қолданылатын, функционалды міндет атқаратын зат және бұйым. Дегенмен оның міндеті функционалды қасиетімен шектелмейді. Ол әшекелей қызмет атқаратындықтан, оның көркемдік қасиеті жоғары. Сондықтанда оны біз оны “қол өнері” деп атаймыз. “Сәндік қолданбалы өнер” деген түсінік орыс тілінде қолданылатын “декоративно- прикладное искусство” деген түсініктің дәл аудармасы болса керек. Қол өнерінің осындай қасиеті жөнінде, кейбір ғалымдардың еңбектерінен көруге болады;

- *сәулет өнері*. Мұнда сәулет өнерінің түзілімдік ерекшелігі, оның тарихи аренада алатын орны, оның әлеуметтік функциясы және көркем стильдік ерекшелігі қамтылады;

- *әңгіме сабағы*. Әңгіме сабағын кейбір бағдарламаларда “көркемдік қабылдау” және “көркемдік түйсіну” сабағы деп те атайды. Өзінің жүктейтін міндетіне қатысты оны осындай етіп әр түрлі атауға болады. Өнер шығармаларын таныстырумен шектеліп, ол жөніндегі баяндамалар жасасақ, оны “әңгіме сабағы” деп атауға болады. Егер сабақ барысында картинаға терең талдау жасалып, оның көркемдік мүмкіндіктерін ашып, көркемдік тілін ұғуға міндет етсек, мұндай сабақты “көркемдік қабылдау” сабағы деп айтуға болады. Егер талдауды одан ары тереңдеп көркем шығарманың

немесе объектінің эмоционалды, образды бейнесін және оның интуициялық мүмкіндіктерін тереңірек меңгеруге талпынсақ, ол сабақ “көркемдік түйсіну” сабағына айналар еді.

Біздің жағдайымызда “көркемдік қабылдау” сабағының маңызы зор. Осы жағдайда репродукциямен, фотоматериалмен, компьютермен, әр-түрлі дайын бұйымдармен әңгіме сабағын әр түрлі деңгейде ұйымдастыруға болады.

Негізінен алғанда бейнелеу өнерін ғылыми тұрғыда тануда адам баласы ғылым арқылы өнерді түсінеді және сезіне алады. Сондай-ақ өнердің қандай да саласы болмасын ғылыми тұрғыда зерттелініп танылмаса, өнердегі теориялық терминологияны түсіну мүмкін емес. Сонымен қатар өнер эстетиканың негізгі құралы болып қаралады. Яғни, бейнелеу өнері адам баласының эмоцияналды – эстетикалық сана-сезімін, талғамын оятатын бір құралы болып есептелінеді. Өйткені өнер мен эстетиканың арасындағы байланыс бейнелеу өнеріндегі көркемдік нақыштың терминін түсінуде тек өнертану саласында ғана емес, сонымен қатар ғылыми мәдениеттану, этнография, өнер философиясы тұрғысында эстетиканың негізгі өнер категориясы заңдылықтарында қарастырылып, терең ұғынуға, кең түсінуге ықпал жасайды.

Жалпы бейнелеу өнеріндегі эстетиканың заңдылығы бүкіл салаға тән болып табылады. Бейнелеу өнері пәні арқылы оқушылардың біліктілігін арттыру, машықтығын, икемділігін, дағдысын жетілдіру, оның көркем-эстетикалық көзқарасы мен көркемдік талғамын дамытып қана қоймай, сонымен бірге өнер жолында өз бағытын табуға да бір мүмкіндік ала алады.

Егер қоғамдық қатынас сатылы дамиды десек, Қазақстан бейнелеу өнері әрбір жаңа сатыда сақталумен қатар, өзгеріп, жаңарып отырады. Қазақстан бейнелеу өнері арқылы қоғамда өнерге деген жаңа көзқарас пен жаңғырту пайда болады. Ол арқылы заманы өтіп бара жатқан ескі қатынас түрлерінен өз заман талап-тілектерін қанағаттандыратын жаңа формалар жүйесі қалыптасып, болашақтағы қатынас түрлеріне жаңаша қуат беріледі.

Бейнелеу өнерінің мән-мағынасы адам дамуындағы маңызы ол руханилықтың иесі болып табылатын жанды тұлғаның өздігінен ізденуіне, жаңарып отыруына, өз өмірін шығармашылыққа айналдыруға мүмкіндік береді.

Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі пәнін оқып, меңгерту арқылы оқушыларға өткен дәуірлердегі құндылықтар туралы біліп қана қоймай, оның маңызды және қажетті деген элементтерін өз бойына сіңіріп, өзінің рухани мұратына, мақсатына айналдырып отырады.

1. *Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жіберген жолдауы. – Алматы, 2005.*

2. *Бейнелеу өнері: жалпы білім беретін мектептің 1 сыныбына арналған оқулық/ Ұ. Ш. Ибрагимов, К.К.Болатбаев, Б.А.Альмуханбетов, З.Ш.Айдарова, Алматы, 1997, 136 бет.; және осы авторлардың қатысуымен шығарылған келесі сыныптарға арналған оқулықтар; Изобразительное искусство. Методическое руководство для учителей 3 класса общеобразовательной школы/ У.Ш.Ибрагимов, К.К.Болатбаев, Б.А.Альмуханбетов, З.Ш.Айдарова. - Алматы, 1999.- 32 с.*

3. *Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнеріндегі философиялық проблемалар.- Алматы: Ғылым, 1998.*

4. *Жұмабекова Ф.Н. Баланың көркемдік талғамын сәндік қолданбалы өнер негізінде қалыптастыру: Пед.ғ.к. ...дисс: 29.05.1998. - Алматы, 1998. -149 б.*

5. *Ростовцев Н.Н. История методов обучения рисования в зарубежных и советских школах. - М.: Просвещение, 1980.*

Резюме

Данная статья рассматривает искусство как самое высокое достижение человека. Будущему поколению необходимо привить любовь к искусству. В качестве одного из средств развития национальной культуры и самосознания молодого поколения автор выделяет национальное искусство.

Summary

The main of the article is to stimulate progress of Kazakh national culture. In authors opinion it is possible by increasing consciousness of growing generation and appeal young people to the Arts.

СТИЛИЗАЦИЯ КАК ПРИЕМ ТВОРЧЕСКОЙ ИНТЕРПРЕТАЦИИ НАТУРЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

А.Тарасова, Ю.Цой –

студенты 3 курса специальности «Графика» ХГФ КазНПУ им.Абая

В художественной практике стилизация означает преобразование реального мотива в условный образ путем выявления и обобщения его основных и особенных качеств. Это не перечисление деталей, не упрощение и схематизация, а нахождение в результате поисков образного решения. Процесс работы над стилизованным образом отражает общие принципы творческой работы от зарождения идеи, его вынашивания, композиционных поисков до реализации замысла в материале. Главное не забывать о том, что до зрителя в первую очередь нужно донести некое эмоциональное состояние.

Художник должен обладать способностью к свободной интерпретации образов представления. «Данная способность предполагает, в противоположность буквальному воспроизведению добытых наблюдением и сохранных памятью характерных черт модели, воплощение

изобразительными средствами отобранных мышлением наиболее важных художественных деталей объекта, перекомбинирование элементов, изменение, трансформацию формы, характера ее пластического решения в соответствии с общим замыслом, особенностями стилистического решения изображения, создаваемым эмоционально-психологическим состоянием» /1, 30-31/. Творческая деятельность, результатом которой является создание полноценного художественного произведения, выполняется на базе большого запаса жизненных впечатлений, хранящихся в памяти, достаточно высокого уровня развития композиционного мышления, опыта композиционной деятельности, профессионального мастерства.

Рисующий должен быть знаком с разнообразными способами композиционной деятельности и уметь их комбинировать и преобразовывать при решении новых изобразительных задач. Его восприятие и мышление должны быть настроены на композиционное видение реальной действительности. В этом случае в сознании рисующего без целеполагающих усилий происходит отбор главного, типического, наиболее выразительного, разнообразные мысленные преобразования и трансформации. Благодаря сознательной целенаправленной творческой переработке конкретный образ видоизменяется, деформируется, происходит создание новой формы, которая выходит за рамки уже имеющихся в искусстве. Г.Л. Ермаш пишет: "Выдумка, фантазия, сочинение являются основными средствами творческого преобразования материала в произведение, они придают ему черты художественности, подчиняют материал идейно-эмоциональной тенденции автора" /2, 164/.

Правила существуют для того чтобы их нарушать, ведь без отхода от классических канонов не будет ничего нового. Отхождение от нормы приводит к нахождению нового пути, но при этом нельзя отказываться от классики, так как это основа.

В области художественного обобщения реальных форм сложился значительный опыт, уходящий во времена наскальных рисунков и древних орнаментов. История искусства знает периоды повышенного интереса к стилизованным образам. И сегодня мы наблюдаем широкое обращение к условным формам в изобразительном и декоративном искусстве, в дизайне и архитектуре.

Интерпретацией природы в большей или меньшей степени занимались художники различных стилистических течений и направлений изобразительного искусства разных временных периодов. Приведем в качестве примера некоторые из них.

Модернизм - общее название направлений искусства и литературы конца 19-20 века, которые охватывают кубизм, дадаизм, сюрреализм, футуризм, экспрессионизм, абстрактное искусство и т.д.

Кубизм - модернистское течение в живописи первой четверти 20 века. Характерные черты творчества художников – деформирование и геометризация форм, отсутствие перспективы и светотени. Цель кубизма -

конструирование объемной формы на плоскости, расчленение ее на геометрические элементы.

Наивное искусство - одно из направлений примитивизма 18-19 вв., к которым в основном относят художников-самоучек.

Примитивизм - стиль живописи, зародившийся в 19в., вмещавший в себя обдуманное упрощение картины, делая ее формы примитивными, как творчество первобытного племени.

Романтизм - идейное художественное направление, возникшее в европейской и американской культуре конца 18 первой половины 19 века. Критериями в искусстве стали свобода самовыражения, повышенное внимание к индивидуальным неповторимым чертам человека.

Маньеризм – термин, который относили к искусству, которому свойственны метафорическая насыщенность, пристрастие к гиперболе и гротеску. Для маньеризма характерна удлиненность фигур, напряженность поз, необычные и причудливые эффекты, связанные с размерами, освещением или перспективой, яркие цвета.

Сюрреализм - модернистское направление, зародившееся во Франции в 1920 гг. Для сюрреализма характерно пристрастие ко всему причудливому, иррациональному, не соответствующему общепринятым стандартам.

Фэнтэзи - это довольно молодой жанр изобразительного искусства. Фантастические герои смотрят на нас с суперсовременных картин и зовут в свой мир фэнтэзи. Зрителю хочется найти своего героя фэнтэзи, стать хоть на время таким. Этот мир красив и увлекателен. Среди современных художников данного направления назовем в качестве примера американку японского происхождения Одри Кавасаки, на творчество которой большое влияние оказала манга. Отсюда в ее работах девушки с большими глазами, а также комиксы и модерн. Техника письма темперой по деревянным плитам придает ее работам теплоту и глубину. Однако резкая графичность изображений в сочетании с деревом придают некую загадочность и тревогу. Борис Валеджио, проработав оформителем книг и титульных страниц к комиксам, открыл для себя искусство фэнтэзи. Он отличается особенной любовью к совершенству строения человеческого тела, а фэнтэзи позволяет изобразить мускулистые и чувственные тела во всех вариациях.

В Казахстане, как и в других странах, изобразительное искусство давно прошло этап становления и сейчас активно развивается. Как опытные, так и молодые художники нашей страны стараются усовершенствовать свою технику, вливаясь в современное течение искусства, все больше стилизуя и импровизируя. Создавая различные творческие объединения, художники Казахстана развивают изобразительное искусство в нашей стране, поднимают его авторитет и статус.

Для выявления творческих сил, особенно национальных и самодетельных, в каждом городе нашей страны проводятся выставки. В работах современных художников можно увидеть разнообразие стилизации натуры. Иногда художники увлекаются стилизацией до такой степени, что в

изображении теряется предметоподобие, в фигурах людей едва прослеживаются человеческие черты.

В своем творчестве многие художники используют богатые возможности для стилизации натуры такого жанра как натюрморт.

Любой объект натюрморта может быть переработан фантазией художника, а так же его способностью подметить в данном предмете некоторую индивидуальность и характер. Можно утрировать форму, например, доведя ее до максимальной остроты или угловатости, или максимально округлить формы. Можно максимально вытянуть формы по вертикали или горизонтали, подчеркнув при этом пластику предметов. Возможно так же обыграть формы введением и нанесением декоративного рисунка на предметы, подчеркнув этим незатейливую форму предмета. Но при этом необходимо придерживаться общей идеи натюрморта. Во всем должна быть определенная грань и чувство меры, в результате которой композиция будет восприниматься целостно и гармонично. Художественные приемы должны работать на выявление выразительной композиции. Возможностей для стилизации много, важно одно: все используемые приемы должны работать на выявление общей идеи, формы, силы цветового воздействия на зрителя, быть гармоничными во всех аспектах. Все должно быть обдуманно, взвешено и отвечать одной задаче – художественной выразительности.

В области художественного обобщения реальных природных форм сложился значительный опыт, уходящий во времена наскальных рисунков и древних орнаментов. Природа во все времена являлась неисчерпаемым источником творческого отражения. Примеров создания художественных форм и конструкций по образцу устройства растений и животных более чем достаточно. Это бионика в дизайне, где птицы и стрекозы служили прообразами самолетов и вертолетов, структурирование в архитектуре на основе пчелиных сот или формы гусеницы. Текстильщик черпает мотивы в узоры бабочек и рыб, а модельер ищет рисунок, пластику и колорит у цветов, птиц и змей. Доминирующее положение из природных форм во многих композициях, пожалуй, занимают растения. Мотивы растительного мира достаточно легко поддаются стилизации.

Наиболее сложным жанром для стилизации натуры является изображение обнаженной натуры. Первая полуподпольная художественная выставка обнаженной натуры открылась в Алматы в 1986г., где было можно прямо проследить возможности творческой интерпретации натуры. В то время было достаточно сложно выставлять работы с обнаженной натурой, так как мгновенно такие работы придавались суровой критике. И вот сейчас, в течение нескольких лет, казахстанская галерея "АртНават" взяла на себя задачу развить эту тему в виде сформировавшейся уже художественно-эстетической концепции. Целью данных выставок было показать явление гармонии и красоты.

Ню, как жанр искусства, призванный явить миру обнаженное тело

имеет давние сложившиеся традиции. Нью отображает идеал красоты своей эпохи и народа. Характер звучания и разнообразие нью зависели от социальной среды, где творили художники. Ну а сегодня художники, совмещая накопленный опыт в данном жанре и свою оригинальность, создают новые направления.

Итак, художник ищет способы художественного обобщения, усиливающие эмоциональность и экспрессивность создаваемого образа. Этой цели служат разнообразные приемы стилизации. Стилизованная форма лишь в чем-то сходна с оригиналом и предполагает возникновение новой, более выразительной формы. Стилизация в определенной степени призвана заменить слишком привычный, кажущийся малопривлекательным образ чем-то необычным, свежим, придать ему особую выразительность.

1. Данилушкина С.Н. *Развитие творческих способностей студентов художественных факультетов педагогических вузов на занятиях по композиции: Дис... к.п.н.* - Омск., 1999. - 173 с.

2. Ермаиш Г.Л. *Искусство как творчество.* - М.: Искусство, 1972. - 184 с.

Түйін

Мақалада нұсқаны шығармашылық стилизациялау сұрақтары зерттеледі. Авторлар шынайы ырғақта түрлендірумен оны айқындау жолындағы шартты образ және оның негізгі және ерекше қасиеттерін жалпылаудағы стилизацияны қарастырады.

Summary

In the article the teaching of style of clothes is considered as a necessary component of training of future artists and designers. Method of teaching of style is expounded with support of the common principles of creative works.

БОЛАШАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Е.Қ.Боранқұлов – аға оқытушы,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы жарқын болады» дегендей, жас ұрпаққа білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Ел Президентінің «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуы және елдің денсаулығын жақсарту міндеттерімен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі атап көрсетілген /1/. Осыған орай, тәуелсіз мемлекетімізде еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар даярлау қажеттігі туады. Өйткені кез келген мемлекеттің жоғарғы мектебінің маңызды әлеуметтік қызметі болашақ маманның өз мүмкіндіктерін көрсете алуына жағдай туғызу болып табылады. Осы айтылған міндеттер – мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының алдында тұрған негізгі алғы шарттар.

Білімді әлеуметтік институт деп қарастыратын болсақ, оның маңызды бір проблемсы – үздіксіз білім тұжырымдамасы бойынша, бүгінгі ғылыми-техникалық, технологиялық төңкеріс жағдайында материалдық және рухани өндірістің, тұтыну мен бөліністің, жеке адамның бір қалыпты өмір сүруі мен жан-жақты дамуы үшін бүкіл өмірінде үздіксіз білімін дамытып, рухани байып отыруы қажет. Бір сөзбен айтқанда, білім – әрбір адам және бүкіл қоғам үшін қажеттілік.

Үздіксіз білім адамдардың кәсіби, әлеуметтік іс-әрекетінің толық іске асырылмай отырған жағдайында өте қажет. Әрбір адамның үздіксіз білім алуы және өз бетінше білімін көтеруі - бүкіл қоғамның және әрбір адамның мақсаты.

Мамандар мен жұмысшыларға кәсіптік білім беру, оларды мамандыққа даярлау, қайта оқыту, біліктілігін көтеру. Қазіргі заманғы өндіріс салалары, қоғамның рухани өмірі әрбір азаматтан жалпы, политехникалық, компьютерлік білімді ғана талап етіп қоймайды, сонымен қатар арнаулы кәсіби мамандықты, икемділікті қажет етеді. Кәсіптік білім жеке тұлғаның, яғни әрбір адамның жан-жақты дамуының қажеттілігі болып саналады. Кәсіби бағдарлама көптеген салаларда қолданылады екен. Ол педагогика, психология, тарих, әлеуметтану, мәдениеттану, т.б. салалармен байланысты.

12 жылдық оқу мерзіміне көшуде кәсіптік мектептердің алатын орны ерекше. ХХІ ғасыр біздің алдымызда жаңа міндеттер қойып отыр. Оның ең басты міндеттері – еліміздің әлемдік қауымдастыққа енуі, экономикасы мен білімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Орта білім беру жүйесін 12 жылдық оқыту мерзіміне көшірген жағдайда кәсіптік мектептердің құрылымы, оқу жүйесі, сатысы қандай болады! Осы мәселелер қазіргі кәсіптік білім саласында еңбек етіп жүргендерді алаңдатууда.

12 жылдық білім беру стандартына сәйкес мектеп табалдырығынан бастап оқушыларға кәсіби бағытта білім беру қарастырылып отыр. Осыған орай кәсіби білім беру мақсатында «Бейнелеу өнері» пәнінің алатын орны ерекше. Жоғарғы сынып оқушыларының эстетикалық мәдениетін, эстетикалық талғамын арттыру кәсіби білім деңгейін көтеруді қажет етеді, сол себептен ұлттық бағыттағы инновациялық технологияларды сабақ жоспарына ендірген жөн.

Бейнелеу өнері сабағында экономикалық, экологиялық, эстетикалық білім беру басты міндет болып табылады. Нарық экономикасы талаптарын жүзеге асыру ісіне еркін еңбек пен жоғарғы өнімділік кепіл бола алады. Қазіргі заманғы өндіріс салалары, қоғамның рухани өмірі әрбір азаматтан жалпы, политехникалық, компьютерлік білімді ғана талап етіп қоймайды, сонымен қатар арнаулы кәсіби мамандықты, икемділікті, жоғары техникалық оқу орындарында болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қажет етеді.

«Құзыреттілік» ұғымына ғылыми психологиялық әдебиеттерде алғаш түсінік берген ғалымдардың бірі – неміс психологы Хабермес. Ол құзыреттілікті тілдік коммуникация теориясында әлеуметтік термин ретінде қолданған /2/. Кейіннен «құзыреттілік» ұғымы әлеуметтік психология саласындағы еңбектерде кездеседі. Онда мынадай түсінік берілген: «... өз ісін, қиын байланыстарды, құбылыстар мен үдерістерді, сонымен қатар мақсатқа жету үшін белгіленген тәсілдер мен құралдарды жетік меңгеру» /3,27/. Әлеуметтік психолог Д.Брунер құзыреттілікті неғұрлым беделді маманға тиесілі қасиеттердің жиынтығы деп қарастырған /4/. Бұл анықтамаға сүйенетін болсақ, құзыреттілік кәсіпқойлықтың атрибуты деп түсінуге болады. Жалпы психологиялық зерттеулерде құзыреттілікке екі түрлі көзқарас туған: біріншісі, субъектінің кәсіби даму деңгейі ретінде; екіншісі, оның жалпы психикалық сипаттамасының элементі ретінде.

80-жылдары «құзыреттілік» ұғымы оқу үдерісін басқаруға қатысты еңбектерде пайда бола бастады. Бұл еңбектерде тек білімдердің жиынтығы ретінде ғана емес, сонымен қатар білімнің нақты құралының мүмкіндіктері ретінде көрініс тапқан. Яғни, құзыреттілік жеке тұлғаның негізгі компоненттерінің бірі ретінде және адамның іс-әрекетінде кездесетін міндеттерді табысты шешуде жеке тұлғаның бойындағы қасиеттерінің жиынтығы ретінде қарастырылады (М.Альберт, М.Мескон, А.М.Омаров және т.б.). Э.Клэрстің пікірінше, «құзыреттілік» мүлде жоқ, ол тек нақты мамандықта кездеседі /2,32/.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, құзыреттілік жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетін игеру барысында пайда болатын жаңа бейнесі ретінде қарастырылады екен.

Жеке тұлғаның құзыреттілігін қалыптастырудағы үлкен роль еңбек, өзара қарым-қатынастар, адамдардың әлеуметтік және саяси институттары сияқты әлеуметтік факторларға тиесілі. Бұл – диалектикалық тұтастықтың арасында жүзеге асатын үдеріс.

Компетенттілік ұғымының мазмұны мыналардан тұрады: *білімнің мобилдігі, әдістерді дұрыс пайдалануы және ойлаудың сынилығы.*

Кейбір зерттеушілер «құзыреттілік» ұғымын былай нақтылайды: «құзыреттіліктің маңызды белгілері болып мынадай критерийлердің комбинациясымен белгіленетін деңгей саналады:

- іскерлік пен білімді меңгеру деңгейі (іскерлік пен білім саласы);
- іскерлік пен білімнің кеңдігі және диапазоны;
- арнайы тапсырмаларды орындауға қабілеттілік;
- өз жұмысын ұтымды ұйымдастырып, жоспарлау қабілеті;
- тосын жағдайларда өз білімін қолдана білуге қабілеттілігі (техника, технология, еңбек ұйымдастыру мен оның шарттары өзгерген жағдайда, тез бейімделу).

Авторлардың осы тобы екінші терминнің дербес анықтамасын ұсынады: «Құзыреттілік - «істі біліп», іс-әрекет атқаруға қабілеттілікті білдіретін жалпы балама термин. Әдетте, белгілі бір әлеуметтік кәсіби мәртебесі бар адамдарға қатысты қолданылады, оның орындайтын міндеттері мен шешетін күрделі проблемаларының нақты деңгейіне сай білім мен іскерлігінің сәйкесті бөлігін анықтайды» Көріп отырғанымыздай, бұл анықтама құзыреттіліктің кәсіптік белгілерін де қамтиды, олар жеке тұлғаға байланысты жайттарды толықтырады. Сондықтан теңестірудің орнына авторлар талданып отырған ұғымдарды бүтін мен бөлшектің өзара тәуелділігі ретінде құрастырады.

Болашақ шығармашыл, кәсіби маманды оқытушының жоғары шығармашыл тұлғасы ғана даярлай алады. Бұл – жалпы және кәсіби білім берудің кез келген жүйесін дамытудың ең маңызды постулаттарының бірі.

Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарапайымдау қажет. Кез келген қызметкер, өз әрекеті мен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады. Бұл құзыреттілікті пайымдаудың жалқы жолы. Жеткен нәтиже емес, белгілі бір жетістікке жету үшін тырысуды құзыреттілікке телуге болмайды. Құзыреттілік эволюциялық парадигмалық деңгейдегі түсінік бойынша қарастырылады. Соған орай, құзыреттілік ұғымының кешенді түрде зерттелу барысында болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін дамыту бағытындағы пікірлер туындайды.

Осыған орай, кәсіби құзыреттіліктің түрлерін ажырату қажет: арнайы құзыреттілік; әлеуметтік құзыреттілік; жеке тұлға құзыреттілігі; дара құзыреттілік. Кәсіби құзыреттіліктің түрлеріне жеке-жеке тоқталайық:

- арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби іс-әрекетін жеткілікті дәрежеде меңгеру, өзінің кәсіби қалыптасуын жобалай білу;
- әлеуметтік құзыреттілік – бірлесе (топпен, кооперативпен, т.б.) кәсіби іс-ірекетті атқаруды, ынтымақтасуды, сондай-ақ, осы кәсіпке қатысты қарасымды меңгеру, өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілік;
- жеке тұлға құзыреттілігі – өзін көрсете білу мен қалыптастырудың амалдарын, жеке тұлғаның кәсіби деформацияларына қарсы тұру құралдарын игеру;
- дара құзыреттілік – өзінің қабілетін жүзеге асыру және кәсіп аясында өз даралығын қалыптастыруға қабілеттілік, кәсіби тұрғыдан өсуге деген

даярлығы, өзінің даралығын сақтауға деген қабілеті, кәсіби тұрғыдан қартаюға бой бермеу, өз еңбегін артық уақыт пен күш жұмсамай-ақ ұтымды ұйымдастыруға икемділігі, еңбекті қиындықсыз, шаруасыз, тіпті, сергіту арқылы нәтижеге жеткізу.

Маманның кәсіби-құзыреттілігінің проблемасы – күрделі де көпқырлы. Бұл философияда, педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім беруде, акмеологияда, андрогогикада, еңбек психологиясында, т.б. гуманитарлық ғылымдарда әр қырынан қарастырып жүр. Мәселе кешенді түрде зерттелуде. Кешенді зерттеу аталған ғалымдардың бұл проблеманы шешудегі зерттеуде мүмкіндігін шектеу емес, керісінше, сол салалардың нәтижелерін саралай пайдалана отырып, маманның кәсіби біліктілігі, оның маңызы, мазмұны, құрылымы, қалыптасуы мен дамуының, шарттылығы мен мүмкіндіктерінің тұтас сипатын педагогикалық, психологиялық тұрғыдан ашу.

«Маманның кәсіби құзыреттілігі» антикалық заманда-ақ пайда болған. Платонның оқытуды жоғары деңгейде айқындауы, Аристотельдің жалпы кең білім беру мен кәсіпке үйретуді байланыстыру негізінде жоғары білімнің реалистік ұстанымын дамытуы, ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда зайырлық кәсіби мектептерді жоғары оқу орындары ретінде қайта құру, қазіргі көпсатылы жоғары білім берудің қалыптасуы сияқты тарихи ілгерілемелі өзгерістер кәсіби құзыретті, бәсекеге қабілетті маман даярлау жолындағы ізденістерінің дәлелі бола алады.

Қорыт келе, болашақ бейнелеу қнері пәні мұғалімдерінің кәсіби-құзыреттілігінің проблемасы – күрделі де көпқырлы. Бұл философияда, педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім беруде, акмеологияда, андрогогикада, еңбек психологиясында, т.б. гуманитарлық ғылымдарда әр қырынан қарастырып жүр. Мәселе кешенді түрде зерттелуде. Кешенді зерттеу аталған ғалымдардың бұл проблеманы шешудегі зерттеуде мүмкіндігін шектеу емес, керісінше, сол салалардың нәтижелерін саралай пайдалана отырып, маманның кәсіби біліктілігі, оның маңызы, мазмұны, құрылымы, қалыптасуы мен дамуының, шарттылығы мен мүмкіндіктерінің тұтас сипатын педагогикалық, психологиялық тұрғыдан ашу болып отыр.

1. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан-2030*. - Алматы: Білім, 1997. - 256 б.
2. Болина М.В. *Формирование социокультурной компетенции будущего учителя: Автореф. дисс ... канд.пед.наук*. – Челябинск, 2001. – 19 с.
3. Зеер Э.Ф. *Личностно-ориентированное профессиональное образование*. – Екатеринбург: Урал. гос.проф.универ-та. 1998. – 126 с.
4. Брунер Дж. *Психология познания*. – М.:Прогресс, 1989. – 412 с.

Резюме

В данной статье раскрываются проблемы подготовки будущих учителей изобразительного искусства в формировании профессиональных умений и навыков.

Summary

In this article the problems of training the future teachers of depictive skill in the region of shaping of the crafts and habits are revealed.

ДӘСТҮРЛІ ӘН НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

А.А.Мұхамбетжанова -
ҚазМемҚызПУ, аспирант

Оқушыларды дәстүрлі музыка негізінде оқытудың өзіндік ерекшеліктерімен мүмкіндіктері бар. Музыка пәнінің деңгейін көтеру, дәстүрлі музыка негізінде білім беру ісін жетілдіру, оның тиімділігін арттыру қажеттігі туып отыр. Халықтың музыкалық мұрасын жинап-теріп, оны зерттеу жолында артына ұмтылмас із қалдырған А.В.Затаевич, академик А.Қ.Жұбанов, өнер зеттеушілері Б.Г. Ерзакович, П.И.Аравин, Б.Ш.Сарыбаев сынды ғалымдардың ұлан-ғайыр еңбектері халқымыздың игілігіне жарап, ұрпақтан-ұрпаққа тарап жатыр. Білім берудің бұл жағын, әсіресе төменгі сынып оқушылары әлдеқайда айқын сезінеді. Бұл міндет педагогикалық міндеттермен қатар оқушылардың ұлттық музыкаға оның ішінде дәстүрлі әнге деген саналы көзқарасын қалыптастыра отырып жүзеге асырылады. Соңғы жылдары дәстүрлі музыканың әрбір жанрын бөлек арқау етіп, жеке дара зерттеу жұмыстары қолға алына бастады. Олардың қатарында өнер зерттеушілері Б.Балтабаев, Б.Аманов, П.Шегебаев. т.б атауға болады. Республика ғылымы саласында жас ұрпақты халық музыкасы арқылы тәрбиелеу мәселесі жан-жақты да, терең зерттеле бастады. Бұл орайда С.А.Ұзақбаева, М.Х.Балтабаев, Т.К.Қышқашбаев, Л.К.Дүйсенбаева және т.б. Аталған еңбектердің әрқайсысы дәстүрлі музыка мәселесінің теориялық негіздемесін қамтамасыз етіп, әрі қарай жетілдіру жолдарын, белгілеуге үлес қосады. Сонымен оқушыларды дәстүрлі музыка негізінде оқытудың мәселесін қарастыра отырып, біріншіден жалпы дәстүрлі әнге деген қызығушылығын арттыру тәсіліне көңіл бөлінеді.

Педагогика ғылымының тарихымен мектептің қалыптасу кезеңдеріне тоқталар болсақ, белгілі педагогтар оқу тәжірибе ісінде қызығушылықпен оқытуға үлкен мән берді. Мысалы, Жан-Жак Руссо оқыту процесінде қызығушылыққа көп көңіл бөле отырып, «оқушының кез-келген материалына қызығушылығы болса, оны тез әрі қарай меңгеріп кете алады,» - деді. Я.А.Коменский еңбектерінде танымдық қызығушылықтың маңызын айқындайды, оқуға, білімге, қызығушылықты арттыруда оқу материалының тиімділігін атап керсетті. К.Д.Ушинский педагогтардың ой-пікірлерін қолдай келе «Ешбір қызығушылықсыз, тек мәжбүр ету арқылы жүргізілген оқу қажетсіз, ол оқушы бойындағы білімге деген құштарлығын жойып жібереді», - деп жазды.

Айталық XVII ғасырда француз сенсуалистері мен материалистері Гербарт, Кондильяк, Гельведций психология ғылымында, қызығушылықтың

ұғымын пайдалана отырып, қызығу-педагогиканың ең негізгі ұғымы деген тұжырым жасады.

Белгілі психологтар С.А.Ананьин, М.Р.Беляев, Л.И.Божович, С.Л.Рубинштейн, В.Н.Мясинцев т.б. ғалымдар "қызығу" ұғымына өздерінің түрлі көзқарастарын білдіре отырып, "қызығушылық" - жеке адамның белгілі бір бағыттылығы деген ортақ пікірге келеді.

Педагог, музыкант Б.Асафьев "Музыка сабағындағы болып жатқан әрекеттерге эмоциялық қатынасын дамытудың ең негізгісі - оларды қызықтыра білу" — деді. Ал Д.Кабалевский "Музыкаға деген қызығушылық, музыкамен әуестену, ұнату да оны ғажайып сұлулығын түсіну үшін қажетті шарт. Сонда ғана ол өзінің тәрбиелік және танымдық ролін атқара алатын болады. Ал музыкаға қызықпаған, онымен айналыспаған, оны ұнатпаған адамға білім және тәрбие берем деу сәтсіздікке ұшыратпай қоймайды". Бұдан шығатын қорытынды: балалардың дәстүрлі әнге қызығу сезімін оятпай, олармен музыкалық сабақ өткіземін деу бос әурешілік.

Ал халық әндерін, дәстүрлі әнді ұнату, оған қызығу сезімдері арқылы балаларға музыкалық аспантың нағыз көркем үлгілерін, халық әндерінің шығу тарихын, домбырада ойнау тәсілдерін педагогикалық негізде түсіндіру қажет.

Қызығушылық мәселесі қазақ ойшылдары мен философтарының да, ағартушы педагогтарының да назарынан тыс қалмаған. Олар айналаны танып білуде қызығушылықтың роліне үлкен мән берген. Әсіресе балаларды тәрбиелеуде олардың білімге қызығушылығын қалыптастырудың әдіс жолдарын қарастырған. Мысалы, Әл-Фараби «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар» атты трактаттарында баланың ішкі сезімдеріне әсер ете отырып, мұғалімнің оқыту процесінде қызығушылықпен ынта тудыра білуі жөнінде пікір айтты: "Рухани негізі түзу болса, оның тілегі, қалауы дұрыс болады. Оқу-үйрену нәтижесінде шәкірттің ниеті әсер етеді, көңіл алауы болмақ». Сонымен қатар Ибн-Синаның тәрбие беру туралы пікірі де өте құнды. Ол, «егер бала - ұжымды тәрбиеленсе, онда ол жалықпайды, сабаққа ынтасы мен қызығушылығы пайда болып, басқалардан қалып қоймауға талпынады» - дейді.

Ғұлама Абай да өзінің 38-қара сөзінде адамның адамдығы -тәрбиелілігі, ақылы мен ғылымы (алған білімі) туа біткен денсаулығына, психологиялық жан дүниесінің дұрыстығына тәуелді дегенді айта келе, оқуға баулудың мынадай педагогикалық жолын ұсынады: "Ғылым — білімді әуел бастан бала өзі іздеп таппайды.

Басында зорлық яки алдау мен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болдырудың, қызықтырудың тәсілдерін меңзейді. Балалардың өнер-білімге деген талабы олардың қызығушылығын оятып, тәрбиелеген жағдайда ғана жеміс бере алатындығына халқымыздың ұлы ағартушысы Ы.Алтынсарин сол кезде жіті назар аударып, пікір білдірген. Ы.Алтынсариннің көзқарастарында балаларды мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға өз бетімен құштарландыратынын сабақ балаларға ана тілінде қарапайым, қызықты ұғындырылып, әңгімелер мен ертегілер, мысалдар мен өлеңдер орынды пайдаланса, олардың білім алуға қызығушылығы арта

түсетіні айтылады. Қызығушылыққа қатысты осы ұғымдарды пайдалана келе, «оқушылардың дәстүрлі әнге қызығушылығын арттыру, олардың бұл іске белсене араласу дағдысын қалыптастырады».

Дәстүрлі әнге деген қызығушылық жалпы білім беретін мектептерде ән-күй пәні және сыныптан тыс жұмыстар барысында да мұғалімдердің мақсатты, жүйелі басшылығымен жүзеге асады. Бұл жерде, әлбетте, басты рольді жеке тұлғаның өзіндік қызығушылығы арқылы атқарады. Сөйтіп, жалпы әнге деген дұрыс көзқарастың қалыптасуына негіз болады.

Ал өскелең ұрпаққа дәстүрлі музыканың тәрбиелік сипатын саралау орасан зор роль атқаратыны белгілі. Қазақстанда дәстүрлі музыканың дамуы халықтың көп ғасырлық тарихымен оның тұрмыс-салтымен, мәдениетімен тығыз ұштасқан. Мәселен, бір ғана қазақ халқының ұлттық аспаптары және дәстүрлі әнге халық бұқарасының рухани творчествосының бағалы нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар қазіргі кезде музыканың тәрбиедегі әрбір халықтық мәдени және рухани мұрасына дұрыс көзқарасты қалыптастыру, оларды пайдалану жолдарын іздестіру ерекше мәнге ие болып отыр. Жеткіншек ұрпаққа дәстүрлі музыка арқылы тәрбие беру мәселесі бойынша материалдар да бүгінгі мектептердің практикалық тәжірибесінде бар болғанына қарамастан, бұл проблеманың көптеген аспектілері Қазақстанда әлі де зерттелмегені іс құпия емес. Жоғарыда айтып кеткеніміздей дәстүрлі ән оқушылардың қызығушылығын қарастыра отырып оның эстетикалық тәрбиесіне, ұлттық ерекшеліктеріне, шығу тарихына және сол жанрды қолдана отырып ұлттық ойлау және болмысын қалыптастыруына негіз болып отыр. Жалпы музыканың тәрбиелік сипаты жөнінде шығыстың ұлы, ойшылы, әмбебап ғалым әл-Фараби «музыкалық әуендер жақсы мінез-құлық машықтарын, адамның қоғамдық мұраттарын қалыптастыруда елеулі роль атқарады және музыка мен ән адамды эстетикалық сезімдерді туғызу арқылы кісінің өзін-өзі тәрбиеленуіне, бойдағы нашар қасиеттен арылуына ықпал етеді»- деп жазды.

Аспапта ойнау кезінде балалардың тұрып-ойнау немесе отырып қалпын қадағалау қажет. Аспаптарды меңгерудің ең алғашқы қадамы ретінде оқушылардың ырғақ сезімін дамытатын қарапайым жаттығулар жасау, әр аспаптың ерешеліктерін ескеру, орындалатын жаттығудың балалардың меңгеруіне жеңіл әрі түсінікті болуын қадағалайды

Сонымен сабақ өткен сайын оқушылардың аспапты меңгеру шыңдала түседі. Мұғалім әр әнді немесе күйді оқушыларға орындату кезінде оған шығармашылықпен қарап, музыкалық аспаптарға лайықтауға болады, тек ол шығарманың орындалу сипаты қандай, мазмұны нені бейнелейді, композитордың айтайын деген ойы не екенін көрсету керек. Сонымен аспапты ойнау музыкалық-педагогика негізінде оқушыларды ұйымшылдыққа, бірлікке, сезімталдыққа, адамгершілікке баулыса, оқушылардың эстетикалық тәрбиесіне де мейлінше ықпал жасаудың тиімді жолдарын белгілеу ерекше маңызды.

"Эстетикалық тәрбие - өмірдегі табиғат пен өнердің әсемдікті қабылдап, бағалауға және түсінуге қабілетті адамның пәрменді түрде қалыптастырудың нысаналы жүйесі. Эстетикалық тәрбиенің аса маңызды құрамы

өнер болып табылады. Ал дәстүрлі әннің эстетикалық тәрбиедегі ролі оның мәнімен өзіндік атқаратын қызметімен анықталады. Себебі, дәстүрлі музыкада көркем бір образ бере отырып, оқушыларға оны танып білуіне, рухани болмысына септігін тигізеді. Бұл эстетикалық тәрбиенің ішінде өте кең, сан қырлы ұғымды қамти отыра, оқушыларға аспапты музыканың әрбір халықтың мәдени және рухани мұрасына дұрыс көзқарасты қалыптастыру, оларды мектепте пайдаға жаратудың жолдарын көрсету маңызды мәнге ие болып отыр. Мұның бәрі, әлбетте, музыка пәні мұғалімдерінің іскерлігінің нәтижесінде жүзеге асады. Осы орайда академик Асафьев былай деп атап көрсетеді: «педагог-музыкант өзінің күнделікті жұмысында аспапты орындаушы ретінде, хордың жетекшісі ретінде музыкалық әдебиетті жақсы білетін әрі оны еркін меңгерген тарихшысы ретінде өзін көрсете білуі тиіс»

Сонымен жоғарыда айтылған педагог-ғалымдарымыздың ой-арқылы, дәстүрлі музыканың оның ішінде дәстүрлі әннің оқушыларға жан-жақты тәрбие мүмкіндігінің жоғары екенін, олардың педагогикалық мән-маңызының бүгінгі таңда бұрынғыдан да арта түсетінін, әсіресе балалардың қызықтыра отырып тәрбиеленуін қалыптастыруда тиімді құралы ретінде пайдалануға болатындығын дәлелдейді.

1. *Затаевич А. Қазақтың 500 әні мен күйі. - Алма-Ата, 1931.*
2. *Дербісалин Ә. Дәстүр мен жалғастық. - Алматы, 1976.*
3. *Нугманова Ә. Қазақтың әншілік дәстүрі.- Алматы, 1975.*
- 4.

Резюме

В статье рассматриваются педагогические проблемы традиционной песни в общеобразовательной школе. Традиционная музыка должна быть вплетена в систему образования, но не в качестве отдельных этнографических элементов, а как необходимая связь народного искусства с современной жизнью. Надеюсь на творческий подход педагога и самореализации своих знаний, способностей, выявляя интерес учащихся к традиционной музыке, можно правильно внедрять народное искусство в учебно-воспитательный процесс.

Summary

This article considers the teaching problem of traditional music in comprehensive school. Traditional music must be part of system of education, not as separate ethnographic element, but it must be as connection between national art and present life. Using teacher's creative approach and self-realization of his knowledge, abilities, and revealing the students' interest to traditional music, it's possible to introduce national art to teaching and educational process.

ҚОРҚЫТ АТА – ҰЛЫ ОЙШЫЛ, МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Қ.Бекбенбетова -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Бейнелеу, музыка және хореографияны оқыту әдістемесі» кафедрасының оқытушысы

Қазіргі таңда мемлекетіміз егеменді ел болып, етек-жеңін түзеп, кеткенін түгендеп, кемтігін толтырып жатқан тұста, ұлттық құндылықтармыз бен ел бірлігін сақтауда сан ғасырлық тарихымызда өткен ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрін терең зерттеп дәріптеу арқылы, тәуелсіз еліміздің жастарын Отанын сүйюге, ұлт намысын қорғауға, ерлікке баулу басты міндетіміз. Барша түркі халқының ғұлама ойшылы және кемеңгері Қорқыт Ата әлемдік ақыл-ой тарихымыздағы оқшау тұлғалардың бірі. Оның жырларында түркі халқының елдігін нығайтқан Баяндур, Қазан сынды бишілердің парасаты дәріптеледі. Намыс пен ар, ел мен жер, қарыз бен парыз туралы тәлімді тәмсіл өнеге етіледі.

Қорқыттың мемлекет басқаруға қатысуы мен ел билеуі оның ұзақ жылдар бойы уәзірлік қызметті атқаруымен байланысты. Бабамыздың даналығы бей-жай, енжарлық емес, елдің мұң-мұқтажына көңіл аударатын, оларды әділетті жолмен шешуге ұмтылатын, елдегі азаматтар мен ұрпақтарды биіктете, асқақтата қалыптастыратын қағидалар ұсынуға кеңес беретін, әрекетшіл, игілікті істерге ұмтылатын, ел болашағын ойлайтын, отан-сүйгіштік пен еңбексүйгіштікті сақтайтын данагөйлік.

Ол үш ханға уәзірлік жасап ел басқару ісіне тікелей араласып, Оғыз қарулы күштерін нығайтуға үлкен әрекет жасаған ірі тұлға. Сол кезеңде ол әскерлерді сапқа тұрғызғанда ортасын алқа-қотан жасап, оларды оң қол, сол қолға бөлуді енгізеді. Әлеуметтік жора (заң) негізін жасағап, осы заңда ата-бабалардың өмір сүрген мекенін “жерұйық” ретінде қарастырған. Оны сыртқы жау шабуылынан қорғау, жер-суды белгілі тәртіппен пайдалану, дау-жанжалды ақылмен шешу, кінәліні жазалау сияқты салаларға бөліп қарастырады. Сондай-ақ қалың әскерді қос қанаттап орналастыру, көпшілік жиында тәртіппен отыру, ас үстінде мүше беру, шүлен тарату тәртіптерін дәстүрлік жүйеге келтірген. Осылайша, қазақ халқының әдет-ғұрпына негізделген заңдар жүйесін жасаған.

“Қорқыт хикаясында” ол әр уақытты меңзеп сөздер сөйлейді, оғыз қауымының халін баяндайды. Қандай істер болса да, оның кеңесінсіз жүзеге аспайды. Қорқыт оғыз бектерінің ортасында сөз сөйлейді, насихат айтады. Хикаяда Қорқыт: “Көргенге көз, естігенге құлақ болу үшін істейтін көп шаруалар бар. Ханды оғыз нәсілінен, Боз ақ ұғландарынан қойып, соған бағыну керек, екі кісіні көтермеу керек. Ел ағасы біреу болса, ел түзеледі, екеу болса бұзылады” – деп халықты бірлікке, тұтастыққа шақырады /1/.

Ойшыл ел басқаратын бек елді заң, тәртіптің күшімен басқаруы керектігін ұлағатты сөздері арқылы тұспалдап жеткізеді. Заң жоралары арқылы ғана әділетсіздікті, өзім білемдікті, әр түрлі бассыздықтарға тосқауыл қоюға болады деген ойын айтады. Дана қарттың ой-арманы – әділдік, кісілік қағидаларынан бастау алатын биліктің әр-түрлі әлеуметтік топтарымен екі жақты келісімде болуын және сол арқылы мемлекетті күшейтуді мақсат ететін – «елді басқару өнері», сонымен қатар оның кейбір нақыл сөздерінен,

күйлерінен Отырардың ұлы ойшылы, Әбу-Нәсір-әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында айтылатын мінсіз адамзат қоғамы, мамыражай заман туралы арманындарымен үйлесіп жатқанын аңғаруға болады.

Қорқыттың үздірлік қызмет атқару кезінде маңына ел билеуші, ғалым және ақылгөйлер топтасқан. Қорқыт әділ қазылық жасап елді аузына қаратады, үлкен жиындарда сөз бастап, жаңа туған бектердің балларына ат қойып, бата береді. Бұл «Дірсеханұлы Бұқашжан жырында» көрініс табады. Дірсеханның әйелі ұл тапқанда оның атын қоюға Қорқыт шақырылады. Ол балаға бата-тілегін айтады.

Ей, Дірсе хан,
Бектік бер бұл ұғланға,
Тақ бер астына, өнерлі екен!
Қаз мойынды бедеу ат бер бұл ұғланға,
Мінре болсын, өнерлі екен!
Қой қорадан он мың қой бер бұл ұғланға,
Соғым болсын өнерлі екен!
Аруаналардан қызыл түйе бер ұғланға,
Жүк артатын көлік болсын, өнерлі екен!
Алтын баулы отау бер бұл ұғланға,
Көлеңке болсын басына, өнерлі екен!
Құс иінді торқа тон бер ұғланға,
Киер болсын үстіне, өнерлі екен! /2/.

Ас-той үстінде мүше беру Қорқыт заманынан бастау алаған салт-дәстүр. Данагөй бабамыз малдың басы мен жамбасын жасы үлкен құрметті адамға, құлақты отбасындағы кенже балаға, таңдайды шешен бол деп үлкен ұлға, көзді бойжеткен қызыңа бер деген тілекпен шешесіне береді.

Осындай мүше тарату дәстүрі ағайын туғандардың ауыз-біршілігін, құда-құдағидың арасындағы қарым-қатынасты нығайтатын мемлекеттік салт дәрежесіне дейін көтерілген. Бүгінде оғыз-қыпшақ тайпаларының ішінде тек қазақ халқы ғана құда мен құдағайға, қыз бен күйеу балаға, нағашы мен жиенге, қимас адамға, жақын көршіге арналған малдың мүшесін атауды берік сақтап келеді. Міне, Түркі қағанаты білім және тәрбие жүйесіндегі тәрбие беруші тұлғаға тән даналық, ақылгөйлік, білімділік, данышпандық қасиеттердің барлығын Қорқыт ата тұлғасынан табамыз.

1. Мұқатаев С. *Іргелі ел боламыз десек/ Ақиқат.* - 1999.- № 8. – 12 б.
2. Ысқақов Б. *Қорқыт ата кітабы.* – Алматы: Жазушы, 1994 – 20 б.

Резюме

В этой статье раскрыты особенности государственной деятельности Коркыта ата и проблемы управления государством. Автор подчеркивает, что при правлении государством он основывался на социальных законах, был наставником народа, помогал в развитии Огузского государства.

Summary

This article deals with the government and management problems of the legacy of Korkyt Ata. Government was directed by Korkyt. When he had been taking part in government affairs he made the basis of social laws. During his life Korkyt told sayings for people. He helped to develop Ogyz state.

М а з м ұ н ы

Нурбатыров Б.Б. Проблема профессиональной компетентности будущих учителей изобразительного искусства.....	
Рахметова Н.Б. Болашақ технология және кәсіпкерлік мұғалімін кәсіби даярлаудағы – педагогикалық проблема.....	3
Михайлова Н.А. Женщина как субъект и объект творчества в дискурсе современного изобразительного искусства Казахстана.....	6
Бекова Г.А. Суреттегі композициялық портретпен жұмыс кезіндегі адамның мінез- құлқымен психологиялық жағдайын көрсету.....	11
Досмаганбетов Е.С. Конструирование занятий по рисунку для специальности «Дизайн одежды».....	16
Найманов Б.Т. Теория и практика на занятиях по основам графики.....	18
Танеке Г.К. Современные проблемы подготовки дизайнеров одежды в условиях педагогического вуза.....	22
Ермекова С.А. Нравственно-этическое предназначение творчества казахских жырау.....	25
Айболатова Т. Оқыту үрдісіндегі пәнаралық байланыс.....	30
Ахметова А.Қ. Педагог-музыкантты кәсіби дайындаудағы сөйлеу мәдениеті	39
Құмаров А. Қазақ сәндік - қолданбалы өнеріндегі мазмұн мен форма бірлігін түсінудің маңыздылығы.....	43
Мухаметжанов Б.А. Көркем сурет және графика факультеті студенттерінің кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамытудағы негізгі бағыттары..	46
Халендеров А.А. Интерактивті тақтада ою-өрнектерді қолдана отырып композиция құрау.....	49
Нусипжанова А.М. Великая Отечественная война в творчестве композиторов Казахстана.....	54
Садыбеков А.К. Студенттерді сызу пәнінде графикалық тұрғыдан кәсіби даярлау проблемалары.....	60
Тлеужанов А.Қ. Білімгерлердің кескіндемелік әрекетіндегі композициялық ойлау деңгейін анықтау критерийлері.....	63
Асембайұлы Е. Студенттердің Қазақстандағы бейнелеу өнері туралы танымдық талғамдарын жетілдіру жолдары.....	67
Белегова Ә.А. Жоғары техникалық білім беру жағдайында студенттерінің түйінді құзыреттіліктерін қалыптастырудың әлеуметтік-экономикалық алғы шарттары.....	70
Саркеева С.Т. Компьютерлік технологияны қолдану арқылы ою-өрнек өнеріне жанаша көзқарас.....	72
Сұлтанова М.С. Джаз музыкасының тарихи сипаттамасы.....	76
Оспанова Т.У., Умурзакова А.И. Роль контекстного обучения в процессе музыкально-исторической подготовки учителя музыки.....	80
Канапьянова Р.Х. Бейнелеу өнерін оқытудың маңызы мен оның басқа көркем пәндермен тығыз сабақтастығы.....	85
Тарасова А., Цой Ю. Стилизация как прием творческой интерпретации	89

натуры в произведениях изобразительного искусства.....	
Боранқұлов Е.Қ. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы.....	92
Мұхамбетжанова А.А. Дәстүрлі ән негізінде оқытудың педагогикалық проблемалары.....	97
Бекбенбетова Қ. Қорқыт ата – ұлы ойшыл, мемлекет қайраткері.....	101
	105

ХАБАРШЫ. ВЕСТНИК

«Көркемөнерден білім беру: өнер - теориясы -әдістемесі» сериясы
Серия «Художественное образование: искусство - теория - методика»
№ 4 (25), 2010

2001жылдан бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

Тікелей берілген репродукциялық әдіспен басылады

Қазақстан Республикасының мәдениет
және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10099 – Ж

Басуға 15.10.2010 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 7,8 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 330.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы

